«Жамбыл облысы Сарысу ауданындағы Көк-Джон фосфорит кендері кен орнының «Кесіктөбе» учаскесін игеруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспарына, жою жоспарына және ҚОӘБ-на қосымша» жобасына ықтимал әсер ету туралы есеп бойынша ашық жиналыс әдісімен қоғамдық тыңдаулардың хаттамасы

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілікаумақтық бірліктің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының атауы: *«Жамбыл облысы Сарысу ауданы Жаңатас қаласы әкімінің аппараты» ММ.*

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: *«Жамбыл облысы Сарысу ауданындағы Көк-Джон фосфорит кендері кен орнының «Кесіктөбе» учаскесін игеруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспарына, жою жоспарына және ҚОӘБ-на қосымша» жобасына ықтимал әсер ету туралы есеп.*

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының атауы: *ҚР ИДМ жанындағы «Қоршаған ортаны қорғау ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК, «Жамбыл облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.*

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері: *Көк-Джон кен орны Кіші Қаратау жотасының фосфорит бассейнінің солтүстік-батыс бөлігінде, Жаңатас қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 15 км жерде орналасқан. Кен орны солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай 41 км дерлік созылып, Қыс-Тас, Кесіктөбе және Аралтөбе 3 учаскеге бөлінеді..*

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: *Жамбыл облысы Сарысу ауданы Жаңатас қаласы.*

6. Көзделіп отырған қызмет бастамашысының деректемелері және байланыс деректері: *«ЕвроХим-Удобрения» ЖШС, Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жанатас қ., Аспандияров к., 5, пошта индексі 080700, БСН 080740015611, тел. +7 702 687 5341, nurzhan.oskenbaev@eurochem.ru*

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: *«Minerals Operating» ЖШС, БСН 181140023496, Астана қ.,Ұлы Дала даңғ., 65 ү., 55 п, т. 8 777 491 40 02, krylov.d@moperating.kz*

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт): *05 ақпан 2026 ж. сағат 10:00. Қоғамдық тыңдауларды өткізу орны: Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жанатас қ., 4 мкр., үй 2А, ЕвроХим-Қаратау кеңсесі. Қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыс әдісімен өткізілді.*

9. Ұсынылып отырған қызмет бастамашысының сұрау салу хатының көшірмесі және әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының талаптары туралы келісімге жауап хатының көшірмесі. қоғамдық тыңдауларды өткізу: *Сұрау-хат пен жауап хаттың көшірмелері осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 1-қосымшада келтірілген.*

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдау хаттамасына қоса беріледі. *Қатысушыларды тіркеу тізімі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына 2-қосымшада көрсетілген.*

11. Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде мынадай тәсілдермен таратылды:

1) Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында: https://ndbecology.gov.kz/, *«Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде;*

2) Жергілікті атқарушы органның (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады: *«Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ,* https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/activities/8220?lang=ru , *«Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде;*

3) бұқаралық ақпарат құралдарында: *«SARYSU» газеті 27.12.2025. ж. № 101 (8963); «Jambyl» телеарнасы: хабарландыру 23.12.2025-25.12.2025 ж. аралығында эфирге шықты (эфирлік анықтама қоса беріледі). Газеттің электрондық нұсқасы және эфирлік анықтама осы қоғамдық тыңдау хаттамасына 3-қосымшада берілген.*

4) әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдарының хабарландыру тақталарында: *Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жайылма ауылдық округі, Жанатас қаласы әкімдігінің хабарландыру тақтасында мәтіндік хабарландыруды орналастырылды. Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасының 4-қосымшасында ұсынылған.*

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Қоғамдық тыңдаудың хатшысы болып – Азбаева С.А. сайланды.

Хатшының кандидатурасына:«қолдады» – 15, «қарсы» – 0, «жауап беруден бас тартты» – 0.

12.1. Жоба материалдарын баяндама түрінде қарастыру. Ұсынылған регламент – 15 мин.

12.2. Сұрақтар мен жауаптар. Кез келген адам баяндамашыға сұрақ қойып, жоба бойынша өз пікірін айта алады. Ұсынылған регламент – 15 мин.

12.3. Қоғамдық тыңдауларды қорытындылау және жабу. Ұсынылған регламент – 5 мин.

Регламентті бекіту:

«қолдады» – 15, «қарсы» – 0, «жауап беруден бас тартты» – 0.

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы ақпарат: *Эколог – Азбаева С.А., «Жамбыл облысы Сарысу ауданындағы Көк-Джон фосфорит кендері кен орнының «Кесіктөбе» учаскесін игеруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспарына, жою жоспарына және ҚОӘБ-на қосымша» жобасына ықтимал әсер ету туралы есеп.*

14. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасының құрамдас бөлігі болып табылатын және қоғамдық тыңдауларға дейін және тыңдау барысында түскен ескертулер мен ұсыныстарды қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулар тақырыбына анық қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге «қоғамдық тыңдаулар тақырыбына қатысы жоқ» деген белгімен енгізіледі.

Қоғамдық тыңдаулар барысында түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі:

№	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы)	Ескерту (алынған ескерту немесе ұсыныс)
1	Жанатас қ. тұрғыны: Бізге қандай пайдасы болады? Бізге не пайдасы бар? Жерді бүлдірдіңіздер, тас талқан қылдыңыздар. Не үшін керек ол бізге? Бірінші жер бүлінді. Жер кімдікі? Бізде қазір су жетіспеушілігі бар. Үшбас өзені бір жарым км. Бізде так и так су бүлініп жатыр. Сіздер бұны талқандаған кезде, бірінші жер	«Minerals Operating» ЖШС өкілі: Экология бойынша сіздерге ешқандай зардап болмайды. Бұл ауданда өндіру көбейеді, жұмыс орындары болады. Жер мемлекеттікі. Одан кейін ЕвроХим алды. «ЕвроХим-Удобрения» ЖШС өкілі: Бұл кісі өз жұмысын баяндап берді сізге. Енді келесі жұмыс ол біздікі. Мен сізге түсіндіріп кетейін. Сіз өзіңіз комбинатта істедіңіз. Бұл жоба бұдан 10 жыл бұрын ашылған жоба. Отвалдарды білесіз.	ескерту шешілді

	бүлінеді. Одан бізге келетін халыққа қандай пайда бар. Бізге мал өсіру керек. Жер қалған жоқ. Ана жақтан мына жаққа дейін қанша жер бүлініп жатыр. Мал шарушылығын өсіру керек, ауылдарды өсіру керек дейді. Сонда Тоқаевтың айтқанына қарама қайшы ма, бұл жерде йесі бар адамдар, ауыл әкімдері не қылып жүр. Ауыл әкімдері қатысу керек, жердің адамдары қатысу керек.	Комбинатта да отвалдар бар, вскрышной кәдімгі. Жиынды жыныстар отвалдар. Соған біздің химияческий комплекс ашылып жатыр ғой, сондағы побочный продукт дейді, қалдық емес, ешқандай зияны жоқ оның синтетический гипс. Міне заключениясын көрсет десеңіздер. Санитарлық заключениясы бар. Оны көрсет десеңіздер, оны көрсетейін. Біз оны отвал вскрышной породы бар ғой, соған араластырып, сол отвал вскрышной породыға төгеді. Ол біздің побочный продуктымыз синтетический гипс, отвалдағы тастарды, шаңдарды қатайтады. Наоборот сонда бізде шаң болмайды. Сол үшін бұны істеп жатқанымыз, былтыр бітті. Ауаға, біздің халыққа мындай шаң тозаң аз шықсын деп. Бұл жоба он үш жыл бұрын ашылған жоба. Кесіктөбе, Аралтөбе бірге ашылған. Просто мынау синтетически гипсті ешқаяққа шығармай, өзімізге сол отвалға үйіндіге қоса жинап, чтоб шаң аз шығу үшін соны істеп жатқан жоба бұл.	
2	Жанатас қ. тұрғыны: Вот вопрос у меня. А это же при орошении он будет это самое пылить? А что, орошать не будете что ли?	«ЕвроХим-Удобрения» ЖШС өкілі: Орошение естественно будет. Мы же на вскрышных отвалах орошение проводим же, так и этот. На вскрышном отвале как говориться экскавации не будет. Там просто она буде складироваться. Тут ничего такого нету. Вместе со вскрышными породами оно будет складироваться, но для уменьшения пыли будет добавляться подобный продукт от химического комплекса синтетический гипс. Для уменьшения выбросов в атмосферу.	ескерту шешілді
3	Жанатас қ. тұрғыны: Что это такое? Синтетический гипс, что оно представляет. Что это такое? Вы его с Тараза привозите?	«ЕвроХим-Удобрения» ЖШС өкілі: Синтетикалық гипс бізде дикальций фосфат минеральный тыңайтқышы. Өндірісте пайда болады. Минеральный тыңайтқыш дикальций фосфат ол бізде қазіргі химиялық комплекстің бір зауыты болып есептеледі. Сонда өте пайдалы минералды тыңайтқыш ол әлемде төрт ақ елде бар. Египет, Перу, Қытай және бізде. Дикальций фосфат. Технологиясын түсіндіріп берейін. Дикальций фосфат өндірісінде біз кәдімгі фосфор шикізатын тұс қышқылымен араластырып реакцияға түсіріп минералды тыңайтқыш аламыз. Сол тыңайтқышты алу барысында побочный продукт пайда болады гипс.	ескерту шешілді
	Жанатас қ. тұрғыны: Гипс қалдық?	«ЕвроХим-Удобрения» ЖШС өкілі: Жоқ, қалдық емес. Не отход это. Ол қосалқы өнім болып табылады.	
4	Жанатас қ. тұрғыны: Оның вредності жоқ па?	«ЕвроХим-Удобрения» ЖШС өкілі: Жоқ, ешқандай вредность жоқ. Санитарлық	ескерту шешілді

		эпидемиологиялық рұқсаты бар. Оны өндіру барысында ол бізде технология атмосферадан төмен қысымда жүреді. То есть атмосферадан төмен. Сондықтан реакция кезінде ешқандай газ атмосферға бөлінбейді. Атмосферадан төмен қысымда деген сөз вакуумный давления жүреді. Сондықтан одан бөлінген реакциядағы газдарды бізде технология бойынша компрессорлар бар. Компрессорлар сору арқылы бірнеше этапты тазартудан өткізіп, атмосфераға ешқандай зиянды қалдық шықпайды. Өндіріс барысында. Біз гипс дикальций фосфат шикізатын алдық, оны реализацияға, қолдануға ауыл шаруашылығы өнімінде. Және қосалқы өнім гипсті алдық. Гипс ол технология бойынша, лицензиярный технологиясы бойынша ол қалдық емес. Ол побочный продукт болып есептелінеді, қосалқы өнім.	
5	Жанатас қ. тұрғыны: Значит врености нет?	«ЕвроХим-Удобрения» ЖШС өкілі: Нет, вредности нет.	ескерту шешілді
6	Жанатас қ. тұрғыны: Я хорошо знаю вот эту Бүркіт су қоймасын. Я там работал. Вы покупали 3 и 4 скважину. Екі скважинаны сатып алғансыңдар. Как это получилось, я не знаю. Итак біздің Жанатасқа су жетіспейді. Сіздер технологический суды қаяқтан аласыздар. Сіздер мынаны технологический пайдаланып жатсыздар. Сіздер мынау готовый карьер. А что у вас денег нет землю покупать. Я знаю 22 км от юга до Кокджонға дейін. Самые глубокие карьеры вот здесь. Последние мы взрывали.	«ЕвроХим-Удобрения» ЖШС өкілі: Сұрақ бойынша біз талқылап көргенбіз. Біз сонда уточнять еткенде ол карьердегі су Казфосфаттыкы болып шықты. И сонда біз Казфосфаттың несіне сіздің түсінідіңіз бойынша қазір төрт заводтың бір заводы ғана қосылды. Төрт завод қосылған кезде біздің өзіміздің дальнейший проект бойынша проектный потребление бар сол судың. И соның бір варианты ретінде осы суды қолдану мақсатында көргенбіз. Но бірақ қазір вопрос әлі обсуждать етіліп жатыр.	ескерту шешілді
7	Жанатас қ. тұрғыны: Менің айтып отырғаным халықтың суына таласпаңдар. Я понимаю, я там работал и там работал.	«ЕвроХим-Удобрения» ЖШС өкілі: Біз бір рет қана аламыз да, через градильный оборотпен кетеді. Біз қайта қайта ала бермейміз суды. Технология бойынша бір рет толтырып алғаннан кейін болды ол просто айналып келе береді тазартылып. Жаңағы айтып отыр ғой центральный рудниктегі, центральный блоктагы сулардың бәріне келісім шарт жүріп жатыр. Соның бәрі сол келісім шартпен көп алынып жатса, Казфосфатпен келісім аламыз.	ескерту шешілді
8	Жанатас қ. тұрғыны: Сіздердің мына суларыңызға счет, счетчик бірдеңе бар ма? Оны сужуу біледі ғой.	«ЕвроХим-Удобрения» ЖШС өкілі: Обязательно, конечно бар. Йа йа, біледі. Шу-Таласское бву областной ол да, олардан біз рұқсат аламыз ғой. Олар да біледі.	ескерту шешілді

9	Жанатас қ. тұрғыны: Слушания не үшін? Сонда жиналған мына төрт бес кісі қоғамдық тыңдауға жатады ғой заң бойынша	«ЕвроХим-Удобрения» ЖШС өкілі: Өйткені мына кісі докладчик айтты ғой бұнда қоғамға сәйкес экологический кодекс заңға сәйкес біз осындай қоғамдық жиналыс өткізуіміз керек. Йа он шақты адамнан асса жатады.	ескерту шешілді
10	Жанатас қ. тұрғыны: Үшбас өзенін жаксы білесің. Мына Қызылбүркіт жылдан жылға тартылып бара жатыр. Плюс сол жақта Үшбас өзені. Енді сен тағы да Үшбастан суды тартып алайын деп отсың	«ЕвроХим-Удобрения» ЖШС өкілі: Жоқ, Үшбастың суы итак то жоқ. Бұл басқа жоба ғой айтып отырғаны. Бұл жоба негізі сұрақты қойғанда жобаға сәйкес кояық.	ескерту шешілді
11	Жанатас қ. тұрғыны: Түсіндік вредность нету. Значит богатые компания мынау. Значит ананың өнімін алып бесплатно они вам не даст же. Так же ведь. Жаңағы гипс. Тегін аласын ба Тараздан?	«ЕвроХим-Удобрения» ЖШС өкілі: Нету. Мына побочный продуктты ма? Гипсты строительный да қолдануға болады. Жоқ, Тараздан емес. Ол мына біздің заводтан шығады ғой. Химиялық комплекс бар. Сонда минералды тыңайтқышты өндіру барысында шығады. Ол өзіміздікі.	ескерту шешілді
12	Жанатас қ. тұрғыны: Халықта Еврохим туралы информация аз. Олар инвесторлар ретінде келді ғой бізге. Хотя бы бір москвич болса ғой ортамызда, задал бы такой вопрос. Даже инвестор ретінде келгенде оның бір обязательствосы болу керек қой правильно.	«ЕвроХим-Удобрения» ЖШС өкілі: Осы жерге Еврохим кіріп жатқан кезде налог ақшаның барлығы инвестиционный ақшалардың барлығы ауданға құйылады. Мен аудан әкімі емеспін, облыс әкімі емеспін мынау қаяққа кетіп жатыр, оны енді негізі сұрақтарыңыз болса сұрауға болады.	ескерту шешілді

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың қаралған құжаттардың сапасы және олардың түсінуінің толықтығы мен қолжетімділігі бойынша баяндамалары туралы пікірі, оларды жақсарту бойынша ұсыныстар: *Баяндама толық көлемде ұсынылды. Құжаттама Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында орналастырылды (https://ndbecology.gov.kz/).*

16. Қоғамдық тыңдаулардың хаттамаларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы: Ахметбаев Ильяс Ахметбаевич

Жанатас қаласы әкімінің орынбасары

18. Қоғамдық тыңдаулар хатшысы: Азбаева Сания Аргановна

1-қосымша

Приложение 3.1.
к Правилам проведения
общественных слушаний

Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 25471731001, Дата: 17/12/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: Проведение оценки воздействия на окружающую среду (в том числе сопровождаемой оценкой трансграничных воздействий)

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории: Жамбылская область, Сарысуский район, г.Жанатас

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:

Предмет общественных слушаний: Отчет о возможных воздействиях на окружающую среду к проекту «Дополнение к плану горных работ, плану ликвидации и ОВОС на разработку участка «Кесиктобе» месторождения фосфоритовых руд Кок-Джон, в Сарысуском районе Жамбылской области»

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Жамбылская область, Сарысуский район, г. Жанатас, , 05/02/2026 10:00

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:
Газета Sarysu; Телеканал Jambyl

(наменование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

доска объявлений Акимата

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений)

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»
Товарищество с ограниченной ответственностью ""ЕвроХим - Удобрения"" (БИН: 080740015611), +7(701)-035-15-04, nurzhan.oskenbaev@eurochem.ru,

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Приложение 3.
к Правилам проведения
общественных слушаний

Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний

исходящий номер: 25471731001, Дата: 18/12/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25471731001, от 17/12/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:
«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Отчет о возможных воздействиях на окружающую среду к проекту «Дополнение к плану горных работ, плану ликвидации и ОВОС на разработку участка «Кесиктобе» месторождения фосфоритовых руд Кок-Джон, в Сарысуском районе Жамбылской области», в предлагаемую Вами 05/02/2026 10:00, Жамбылская область, Сарысуский район, г. Жанатас, (дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».
«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»
Товарищество с ограниченной ответственностью ""ЕвроХим - Удобрения"" (БИН: 080740015611), +7(701)-035-15-04, nurzhan.oskenbaev@eurochem.ru,

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

2-қосымша

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың тіркеу парағы

№	Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың өкілі, мемлекеттік органның, бастамашының)	Байланыс телефон нөмірі	Қатысу форматы (бетпе-бет немесе конференц-байланыс арқылы)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)
1	Азбаева Сания	Minerals Operating	+7 701 760 9730	бетпе-бет	
2	Крылов Дмитрий	Minerals Operating	+7 777 491 40 02	бетпе-бет	
3	Ағыбай Бағлан	Еврохим-Каратау	+7 705 474 58 74	бетпе-бет	
4	Бердібек Ғалымбек	ЕвроХим – Каратау	+7 707 223 60 67	бетпе-бет	
5	Кейралет С	пред. уч. пос Бүркүта	8775 174 01 49	бетпе-бет	
6	Абдрахманов Ш.		8 701 386 78 78	бетпе-бет	
7	Ахмутов Ж.Ж	зейнеткер	8 701 508 71 82	бетпе-бет	
8	Ребенбаев Б.Б.	зейнеткер	8-776 607 22 90	бетпе-бет	
9	Камунин Б.Г.	пенсионер пос. Бүркүты	8-702 130 73 84	бетпе-бет	
10	Шарипов Д.Ф	ЕвроХим-Удобрения	8 701 758 56 02	бетпе-бет	
11	Дюсенгалиев Е.А	Аксу г. Жанатас	8 702 893 53 80	бетпе-бет	
12	Оразымбет Н.Ш	Еврохим – Каратау	8 747 710 10 93	бетпе-бет	
13	Оспанбаев Н.К.	Еврохим - Каратау	8 701 035 15 04	бетпе бет	
14	Селиванова А.Ю	ООО „ЛМУ-ЕвроХим"	+7 985 383 91 19	очно	
15	Сағабалбаева Д.Н.	ТОО „ЕвроХим-Каратау"	+7 701 999 27 29	очно	
16	Аманжолқызы Ә.К.	ТОО „ЕвроХим-Каратау"	+7 707 191 20 80	очно	

Сарысу ауданы (Жамбыл облысы)

SARYSÝ

Газет 1937 жылдың 5 мамырынан бастап шығады

27/12/2025 СЕНБІ | www.gazeta-sarysu.kz | sarysu_02@bk.ru | №101 (8963)

ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БАРДЫ



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІМЕН ТАНЫСТЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жамбыл облысына жұмыс сапары «Әмір және Д» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің қызметімен танысудан басталды.

Кәсіпорын медициналық бұйымдар мен дәрілік заттар өндіреді.

Президентке медициналық препараттар мен дайын өнім түрлерін шығаратын негізгі цехтың жұмысы көрсетілді.

«Әмір және Д» ЖШС-і әлеуметтік маңызы бар ауруларды диагностикалауға арналған жедел тестілердің көптеген түрін шығарады. Бұл өнімдер В және С гепатитін, ВИЧ-инфекциясын, миокард талмасын, сондай-ақ есірткі және психотропты заттарды анықтай алады.

Кәсіпорынға тиесілі медициналық бұйымдардың 200-ден аса атаулы түрі бар. Бүгінде серіктестікте 94 қызметкер еңбек етеді.

Мемлекет басшысына «Super-pharm» фармацевтикалық компаниясының жұмысы туралы ақпарат берілді.

Бұл – елімізде медициналық бұйымдар өндіретін жетекші кәсіпорындардың бірі. Зауытта 600-ден аса еңбеккер жұмыс істейді.

Компания отандық нарықтағы бір реттік қолдануға арналған медициналық бұйымдарға сұраныстың 30 пайызын қамтамасыз етеді.

Атап айтқанда, кәсіпорын түрлі операциялар үшін



хирургиялық және процедуралық жиынтықтарды, медициналық бетперденің барлық түрін, бірреттік қорғаныш киімін, санитарлық-гигиеналық мақсаттағы бұйымдарды өндіреді. Сонымен қатар медициналық шприцтер, инфузионды және қанды қайта құюға арналған система құралдары, басқа да өнімдер дайындалады.

Президент отандық фармацевтика индустриясының дамуы импортқа тәуелділікті төмендетіп, ұлттық денсаулық сақтау жүйесін нығайтуда маңызды екенін атап өтті.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «ТАРАЗ» ШАҒЫН ИНДУСТРИАЛДЫҚ АЙМАҒЫН АРАЛАП КӨРДІ

Президентке Жамбыл облысына инвестиция тарту және агроөнеркәсіп кешенін дамыту жобалары таныстырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа экономиканы индустриаландыру, мал шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, егіс алқаптарын әртараптандыру, су үнемдеу технологиясын енгізу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндалып, инвестициялық пул туралы мәлімет берілді.

Жыл басынан бері өңірге 599,2 миллиард теңге инвестиция тартылған, өсім 33 пайызды құраған. Соңғы екі жылда облыста жалпы құны 242 миллиард теңге болатын 56 инвестициялық жоба іске асырылған.

Мемлекет басшысына облыстағы жетекші кәсіпорындардың жобалары көрсетілді. Олардың қатарында «Қазфосфат» серіктестігінің минералды тыңайтқыштар өндіру және «YONGGANG CENTRAL ASIA IRON and STEEL» компаниясы салып жатқан металлургия зауыты жобалары бар.

Сондай-ақ Жаңатас қаласындағы «ЕвроХим-Қаратау» ауқымды инвестициялық жобасының аралық қорытындысы ұсынылды. Қазір күкірт қышқылын өндіретін жаңа зауытты іске қосу алдындағы тексеру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Алғашқы өнім ішкі нарыққа жөнелтілді.

Алдағы уақытта пайдалануға берілетін «Shengtai Biotech Co.Ltd» жүгері өңдеу зауыты жөнінде де баяндалды. Шу ауданындағы бұл жобаға 1,5 миллиард доллар инвестиция салынған. Сонымен бірге Байзақ ауданындағы «Zhongkai Kazakhstan International Company» қант зауыты құрылысы жайында мәлімет берілді.

Бұдан бөлек, «KAZ FMWORLD AGRICULTURAL MACHINERY» компаниясының индустриалдық аймақта шығарылатын ауылшаруашылық техникалары көрсетілді.

ПРЕЗИДЕНТ «DALA GLASS» ӘЙНЕК ӨНДІРЕТІН КӘСІПОРЫН ҚЫЗМЕТІМЕН ТАНЫСТЫ

Зауыт биыл жазда іске қосылған. Жобаға салынған инвестиция 1 миллиард теңгені құрайды.

Жылына 500 мың шаршы метр әйнек шығару жоспарланып отыр. Бүгінде аталған нысанда 50 адам жұмыс істейді.

Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпорын қызметкерлерімен әңгімелесіп, олардың еңбегіне табыс тіледі.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ТАРАЗДАҒЫ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ӘСКЕРИ МЕКТЕП-ИНТЕРНАТҚА БАРДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Жамбыл облысына жұмыс сапары аясында мамандандырылған әскери мектеп-интернатының қызметімен танысты.

Мемлекет басшысы оқу кабинеттері мен спорт залын аралап көрді.

Президентке мекемеде 180 бала білім алып, интернатта тұратыны жөнінде баяндалды.

Мектеп жас өскіндерге білім беріп, тегін тамақтандырады әрі тұрғынжаймен қамтамасыз етеді. Оқу бағдарламасы 7-11 сыныптарға арналған.

Білім ошағының негізгі мақсаты – келешектегі Отан қорғаушыларды даярлау, оларға әскери-патриоттық тәрбие беру. Әскери интернатта курсанттар сабақтан тыс уақытта роботты техника, дронды басқару, жасанды интеллект үйірмелеріне қатысады.

Болашақ әскери қызметшілерге ағылшын тілі тереңдетіп оқытылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев оқушылармен әңгімелесіп, мемлекет тарапынан әскери білім беру жүйесін дамытуға ерекше назар аударылып отырғанын атап өтті.

Іс-шара соңында Мемлекет басшысы білім ошағына Бауыржан Момышұлының портретін және елімізде құрастырылған мектеп автобусын сыйға тартты.

AKORDA.KZ



«ӘУЛИЕАТА – КІТАП ОҚИТЫН ӨҢІР» ЖОБАСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ШАРАСЫ ӨТТІ



Өңір тұрғындарының кітапқа деген қызығушылығын арттыру, оқу мәдениетін қалыптастыру, келешек ұрпақты дәстүрлі түрде кітап оқуға шақыру мақсатында қолға алынған «Әулиеата – кітап оқитын өңір» жобасының ресми ашылуында аймақ басшысы Ербол Қарашөкеев «Бүгінгі жаһандану заманында ұлттық құндылықтарымыз бен бірегейлігімізді сақтау – аса маңызды. Жастарды кітап оқуға баулып, рухани тәрбиені ұлттық негізде дамыту – біздің басты мақсатымыз. Кітап – адамның ой-өрісін кеңейтіп, рухани байытатын ең құнды құрал, оны ешбір ақпарат көзі алмастыра алмайды», – деп атап өткен болатын. Жыл бойы жүзеге асқан бұл бастама - аудан тұрғындарының кітапқа, білім мен өнерге деген сүйіспеншілігін арттырды.

Осыған орай аудандық мәдениет үйінде "Әулиеата - кітап оқитын өңір" жобасының қорытынды шарасы өтті. Мәдениет үйінің киреберісінде аудандық орталық кітапханалар жүйесінің қызметкерлері кітап көрмесін ұйымдастырды.

Салтанатты кешке қатысқан аудан әкімі Сәкен Мамытов құттықтау сөз сөйлеп, аталмыш жобаның маңыздылығына тоқталды.

– Біз бүгін облыс әкімі Ербол Шырақпайұлының бастамасымен іске асқан «Әулиеата – кітап оқитын өңір» жобасы аясында қорытынды шарада бас қосып отырмыз. Бүгінгі жаһандық дәуір - оқығанын көкейіне тоқи білген көзі ашық жандардың заманы десем артық айтқандық емес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әдебиет – ойымыздың тереңдігі мен рухымыздың асқақтығын айғақтайтын ұлы қазына» деп бекер айтпағаны белгілі. Бұл ретте Президентіміз Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің 4-отырысында: «Бүгінгі заманда кітапсыз, сондай-ақ кітапханасыз адамның ойдағыдай дамуы мүмкін емес. Бүкіл әлемдегі кітапханалар - білім мен мәдениеттің ошағы, жаңа ойлар мен тың пікірлердің мекені. Электронды форматтың қарқынды дамып жатқанына қарамастан, дәстүрлі кітапхананың ағартушылық рөлі ешқашан мәнін жоғалтпайды. Бұл ретте осы саладағы заманауи үрдістерді ескергеніміз жөн. Мысалы, мен Алматы қаласындағы кітапханаларды жаңғыртуға арналған осындай ұтымды жобалар бар екенін білемін», - деген болатын.

Бүгінде аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің қызметкерлері оқырмандар санын арттыруда белсенді жұмыс жасауда. Ауданда 26 кітапхана мен 21 цифрландырылған орталық бар. Кітапханалар жүйесінде 117 қызметкер жұмыс істейді. Сондай ақ, көзі көрмейтін зағип жандардың кітап қорын өз игіліктеріне пайдалану үшін «Зағип және көзі әлсіз көретін азаматтарға» арналған, сонымен қатар кітапхана жұмыстарын автоматтандыру, оқырмандарға қызмет көрсету, кітап қорын өңдеу және толықтыру, ақпараттық – библиография, кітапхана ісін дамыту бөлімдері жұмыс атқарады. Сарысу аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі есептік кезеңде 1300 - ге жуық іс-шара өткізіп,14 мыңнан аса адам қамтылды. Кітапхана жүйесі мүмкіндігі шектеулі немесе егде жастағы кітапхана пайдаланушыларына «Жылжымалы кітапхана» арқылы кітапхана қорларына қолжетімділікті қамтамасыз етуде. Мысалы «Мен әлемді жүрегіммен танимын», «Қайырымды жүрек-жомарт қол», «Бәрі де сіздер үшін», «Шапағатымыз сіздер үшін» тақырыптарында дауыстап оқуларды жылжымалы кітапханалар өткізеді. Бұл кітап оқимын деген кез келген жан үшін үлкен мүмкіндік.

(Басы. Жалғасы 2-бетте)

БАСЫЛЫМ - 2026

ЖАЗЫЛЫМ АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН ҚАЛДЫ...



АУДАНЫМЫЗДЫҢ ТӨЛБАСЫЛЫМЫ -"SARYSÝ" ГАЗЕТІНІҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛЫМ ЖАЛҒАСУДА. ХАЛЫҚ ПЕН БИЛІКТІҢ АРАСЫНА ДӘНЕКЕР БОЛЫП ЖҮРГЕН ТАРИХЫ ТАМЫРЛЫ ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУДЫ АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗ ДЕП САНАЙТЫН ТҰРҒЫНДАРМЕН ҚАТАР, МЕКЕМЕ, БӨЛІМ ЖӘНЕ КӘСІПОРЫН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ БЕЛСЕНДІЛІК ТАНЫТЫП ЖАТЫР.

БҮГІНДЕ АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ ҚОЛДАУЫМЕН «SARYSÝ» ГАЗЕТІ МЕМЛЕКЕТТІК ТАПСЫРЫС КӨЛЕМІН ӨЗ ДЕҢГЕЙІНДЕ ОРЫНДАП КЕЛЕДІ. ДЕЙТҰРҒАНМЕН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРЫ БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУШЫЛАР ҚАТАРЫНЫҢ АЗАЙЫП БАРА ЖАТҚАНЫ БІЗДІ АЛАҢДАТПАЙ ҚОЙМАЙДЫ. ӨҢІРДЕ ҚАНШАМА МЕКЕМЕ-КӘСІПОРЫН, МЕКТЕПТЕР МЕН МЕКТЕПТЕН ТЫС МЕКЕМЕЛЕР, ЖЕКЕЛЕГЕН КОМПАНИЯЛАР БАР. СОНЫҢ ӨЗІНДЕ ТАРАЛЫМ САНЫ ӨСЕР ЕМЕС. БІЗ ОҚЫРМАННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНА ҚИЫНДЫҚ ТУМАСЫН ДЕП ЖАЗЫЛЫМ БАҒАСЫН ДА ӨСІРГЕН ЖОҚПЫЗ. НАҚТЫ АЙТҚАНДА АЛТЫ АЙҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ 2510 ТЕҢГЕ КӨЛЕМІНДЕ ҚАЛЫП ОТЫР. ОНЫҢ 2005 ТЕҢГЕСІ ПОШТА ҚЫЗМЕТІНЕ АУДАРЫЛАДЫ. ҚАЛҒАН 505 ТЕҢГЕ БАСПАХАНА ШЫҒЫНЫ МЕН ӨНДІРІСТІК ҚАЖЕТТІЛІККЕ ЖҰМСАЛАДЫ. ЯҒНИ, РЕДАКЦИЯ ЖАЗЫЛЫМНАН ТҮСЕТІН АҚШАДАН ТАБЫС ТАУЫП ОТЫРҒАН ЖОҚ. ОСЫ ОРАЙДА АУДАННЫҢ ЖАР ДЕГЕНДЕ ЖАЛҒЫЗ БАСЫЛЫМЫН САҚТАП ҚАЛУҒА ЖАНАШЫРЛЫҚ ТАНЫТСАҢЫЗДАР ДЕЙМІЗ. БІЗ МЕНШІК ИЕЛЕРІНІҢ, ТҰРАҚТЫ АВТОРЛАРДЫҢ, ОҚЫРМАН ҚАУЫМНЫҢ ҚОЛДАУЫМЕН МАЗМҰНДЫ ДА САПАЛЫ ГАЗЕТ ШЫҒАРУҒА БАР КҮШІМІЗДІ САЛАМЫЗ.

ҚАЗІРГІ ТАҢДА «SARYSÝ» ГАЗЕТІНЕ 2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ ЖҮРІП ЖАТЫР. ТОҚСАН ЖЫЛҒА ЖУЫҚ ТАРИХЫ БАР, УАҚЫТ ТЫНЫСЫН ТАП БАСЫП, ӨЗІНДІК ОРНЫН ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН, ӨҢІР РУХАНИЯТЫНЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫНА АЙНАЛҒАН РЕДАКЦИЯ ҰЖЫМЫ СІЗДЕРДЕН ҚОЛДАУ КҮТЕДІ. ЛАЙЫМ, ТӨЛБАСЫЛЫМ ТӨРІҢІЗДЕН ТАБЫЛСЫН!

АУДАНДЫҚ «SARYSÝ» ГАЗЕТІНІҢ 2026 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛЫМ АУДАНДЫҚ ПОШТА БАЙЛАНЫС ТОРАБЫНДА ЖҮРГІЗІЛЕТІНІН ЕСТЕРІҢІЗГЕ САЛАМЫЗ.
ЖАРТЫЖЫЛҒА ЖАЗЫЛЫМ БАҒАСЫ: 2510 ТЕҢГЕ, ГАЗЕТ ИНДЕКСІ 65301

АУДАНДА

БАСТЫ МІНДЕТ



Апта басында аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімі Сәкен Мамытовтың төрағалығымен құқықбұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысы өтті.

Комиссия отырысында Сарысу аудандық жергілікті полиция бөлімінің басшысы Қ. Ғалымжанұлы "Әкімшілік айыппұлдар салу, өндірудің жағдайы және қылмыстық істерді электронды нысанда жүргізуді қамтамасыз ету шаралары туралы" баяндама жасады.

Одан кейін аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы Ұ. Сәлимованың "ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес бекітілген «Әр түрлі нысаналы топтар деңгейінде декомпозицияланған ақпараттық жұмыс жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспарының» орындалуы және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бағытында атқарылған жұмыстар" туралы есебі тыңдалды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша "Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселелерін және лудомания профилактикасын алдын алу туралы" аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" КММ-нің директоры М. Прімбек жыл ішінде атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Комиссия отырысында құқықбұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссияның 2026 жылға арналған жұмыс жоспары және шығарылатын мәселелер тізімі бекітілді. Аудан басшысы баяндамашыларға құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарын жандандыру туралы тиісті тапсырмалар жүктеді.

МАРАПАТ

ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімінің орынбасары Нұрлан Молдабеков энергетиктерді қабылдады.

Кездесу барысында Нұрлан Оңғарбекұлы сала мамандарын кәсіби мерекелерімен құттықтап: «Энергетика – ел экономикасының күретамыры, халықтың күнделікті өмірінің ажырамас бөлігі. Қандай ауа райында болмасын, тәулік бойы тынымсыз еңбек етіп, жарық, су және жылудың үздіксіз берілуін қамтамасыз етіп келе жатқан сіздердің еңбектеріңіз зор құрметке лайық. Аудан басшылығы тарапынан бұл салаға әрдайым қолдау көрсетіледі, - деді.

Мұнан соң аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі А. Қасымбеков, аудандық электр жүйесін тарату мекемесінің басшысы А. Орынбеков пен «Жаңатас-Су-Жылу» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының директоры А.Абилов те ізгі тілектерін жолдады.

Кездесу барысында ауданымыздың экономикалық дамуына қосқан зор үлесі үшін бірқатар сала мамандарына "Ауданға сіңірген еңбегі үшін" төсбелгісі, Жамбыл облысы әкімінің, аудан әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хаттары тапсырылды.



КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ ӨТТІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей: «Азаматтық қоғам – кез келген демократиялық мемлекеттің негізі». Үкіметтік емес ұйымдар– халық пен билік арасындағы тиімді диалогты қалыптастыратын маңызды серіктес. Біздің мақсат – ҮЕҰ қызметін одан әрі дамытуға жағдай жасап, өзара сенім мен әріптестікті нығайту. Бірлескен жұмыс арқылы ауданымыздың әлеуметтік мәселелерін тиімді шешуге мүмкіндік бар.

Осы орайда аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімінің орынбасары Нұрлан Молдабековтың төрағалығымен аудандағы үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңес отырысы өтті.

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша «Жамбыл облысы жастар ұйымдарының қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің өкілі Қуаныш Қияшов "2025 жылы әлеуметтік тапсырыс шеңберінде жүзеге асырылған іс-шаралардың мазмұны мен нәтижелері туралы" туралы хабарлама жасады.

Одан кейін «Нығмет нұры» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Шарапат Сүйімқұлдың "Жобаның қорытындысы мен нәтижелері туралы" есебі тыңдалды.

Жиында көтерілген барлық мәселелер қаралып, қатысушылар алдағы жоспарлар бойынша өзара пікір алмасты.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

ЖАҢА ҚЫЗМЕТТІК КӨЛІКТЕР ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



Апта басында облыс орталығында ауыл шаруашылығы, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі қызметкерлерінің күніне арналған салтанатты іс-шара өтті.

Шараға облыс әкімі Ербол Қарашөкеев қатысып, атқарылған жұмыстарды талқылап, алдағы міндеттер туралы айтты.

Мереке аясында облыс басшысы аудандық ветеринария бөліміне 5 «Нива» және аудандық орман шаруашылығы бөліміне 3 «Хайлюкс» автокөліктерін табыстады.

Сондай-ақ салтанатты шарада аудандық ветеринария бөлімінің басшысы Ақылбек Оспанов соңғы жылдары салаға көрсетіліп отырған қолдауға тоқталды.

– Соңғы жылдары облыста ветеринария саласының материалдық-техникалық базасын нығайтуға ерекше көңіл бөлінуде. Облыс басшылығына алғысымыз шексіз. Бүгінде Сарысу ауданындағы ветеринарлар толық автокөлікпен қамтылды. Бұл қызмет сапасының артуына зор ықпал ететіні анық, – деді бөлім басшысы. Айта кету керек, көліктер қазіргі заманғы стандарттарға сай келеді. Бейне құрылғылармен және басқа да қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған.

«ӘУЛИЕАТА – КІТАП ОҚИТЫН ӨҢІР» ЖОБАСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ШАРАСЫ ӨТТІ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Ауданымызда 20 мыңға жуық оқырман тұрақты түрде кітап оқиды. "Әулиеата -кітап оқитын өңір" жобасы аясында жыл басынан бері түрлі форматта 12 іс-шара өткізіліп, 5 кітаптың тұсауы кесілді. Атап айтсақ, Жоғары санатты хирург және денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина ғылымдарының докторы, профессор, Нью-Йорк Ғылым академиясының және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Сағындық Ордабековтың 75 жас мерейтойына арналған, оқырманға жол тартқан «Көңіл шуағы, ой толқыны», «Мен сені сүйем, өмір!», «История медицины Жамбылской области» атты жаңа кітаптарының тұсауы кесілді. Әнші, педагог, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Амангелді Сембиннің 80 жылдық мерейтойына арналған журналист, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Қали Сәрсенбайдың «Қарғаш» атты және оқу- ағарту ісінің ардагері Дина Нақыпованың «Үнің кетпес құлақтан» атты кітаптары оқырмандарға жол тартты. Бұл аталмыш жобаның ауданымызда сәтті жүзеге асуын білдіреді,-деп жобаға атсалысқандарға ризашылығын білдірді.

Мұнан соң аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Диханбай Ақділда және Жаңаталап орта мектебінің оқушысы, «Тау тұлға, дара тұлға - Бауыржан» облыстық шығармашылық байқауының 1-орын иегері Дайыр Ақмерей де ізгі тілектерін жолдап, жобаның құндылығы туралы тарқата кетті.

Сондай-ақ «Әулиеата – кітап оқитын өңір» жобасы аясында белсенділік танытып, үлес қосқан үздік оқырмандар мен кітап жанашырларына құрмет көрсетілді. Атап айтқанда, «Ең үздік оқитын қала» байқауында 1 -орынды Жаңаарық ауылдық округі, 2 - орынды Қамқалы ауылдық округі және 3 -орынды Жаңатас қаласы иеленіп марапатталды.

Сонымен қатар, «Ең үздік оқитын мектеп» байқауында 1 - орынды М.Әуезов атындағы мектеп - гимназиясы, 2- орынды М.Әуезов атындағы орта мектебі мен Ақтоғай орта мектебі, 3 - орынды Жаңаталап орта мектебі мен Д.Қонаев атындағы орта мектебі иеленді.

Бұдан бөлек «Ең үздік оқитын оқырман», «Ең үздік ауылдық кітапхана», «Ең үздік оқитын ұжым» номинациялары бойынша бірқатар оқырмандар мен ұжым лайық деп танылып марапатталды.

Шара концерттік бағдарламаға ұласып, кітапхана қызметкерлері әдеби композиция қойылымын ұсынса, аудандық мәдениет үйінің әншілері әннен шашу шашты. "Айжанқыз" халықтық бишілер ұжымының биі салтанатты шараның көркін кіргізді.

СТАМОТОЛОГИЯЛЫҚ КАБИНЕТ АШЫЛДЫ



Бүгінде Үкімет тарапынан білім ордаларына жан - жақты көмек көрсетілуде. Бұл сапалы білім алуға деген қажеттілікті толық қамтамасыз ететіні сөзсіз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» тақырыбындағы тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзінде: «Қазір – білім мен ғылымның заманы. Жаһандану дәуірінде озық білімді игерген, жаңа технологияны меңгерген елдің ұпайы түгел болады. Бүгін саналы ұрпақ тәрбиелей алсақ, ертең заман көшінің басында жүреміз. Сондықтан осы саланы қолдау мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығы болып қала береді», - деген болатын. Осыған орай Жаңатас қаласындағы Мұхтар Әуезов атындағы мектеп-гимназиясында заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген стоматологиялық кабинет ашылды.

Салтанатты шарада аудан әкімінің орынбасары Н.Молдабеков, қалалық алқабилер кеңесінің төрағасы С.Бегеев, аудандық қоғамдық кеңесінің төрағасы С.Қырғызбаевтар ізгі тілегін жолдап, жаңа кабинеттің жұмысына сәттілік тіледі.

Айта кетейік, бұл игі жоба Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 27 қыркүйектегі №680 бұйрығына сәйкес, мектеп жасындағы балалар арасында стоматологиялық аурулардың алдын алу шараларын күшейту мақсатында, 1000 және одан жоғары оқушысы бар ұйымдар үшін, 2024-2028 жылдарға «Болашаққа сау тіспен» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып отыр.

Аталған кабинетте профилактикалық жұмыстар жүргізіліп, алғашқы стоматологиялық көмек көрсетіледі. Жобаның басты мақсаты – оқушылар арасында ауыз қуысының гигиеналық мәдениетін қалыптастыру, стоматологиялық аурулардың деңгейін төмендету және балалардың медициналық қызметтерге қолжетімділігін арттыру.

Мектеп ішінде стоматологиялық кабинеттің болуы – оқушылардың денсаулығын тұрақты бақылауға, профилактикалық тексерулер өткізуге, түсіндіру-оқыту шараларын ұйымдастыруға үлкен мүмкіндік береді. Бұл – өсіп келе жатқан ұрпақтың денсаулығын нығайтуға жасалған маңызды қадам.

Стоматологиялық кабинет заманауи құрылғылармен жабдықталған. Мұнда 1 дәрігер-стоматолог және 1 медбике қызмет көрсететін болады.

Бұл кабинет бүлдіршіндеріміздің денсаулығын сақтауға, болашағына жарқын жол ашуға қызмет етеді деп сенеміз.

Бетті дайындаған С. РЫСБЕКҰЛЫ, «SARYSÝ»

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ЕВРОХИМ - УДОБРЕНИЯ» ЖШС «Жамбыл облысы Сарысу ауданындағы Көк-Джон фосфорит кен орнының «Кесіктөбе» учаскесін игеруге арналған тау-кен жұмыстары жоспарына, жою жоспарына және ҚОӘБ-ға толықтыру» жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Тыңдаулар 3 елді мекенде өтеді: 1. Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңатас қ., 4 мкр., №2А үйі, «ЕвроХим-Каратау» кеңсесі 5 ақпан 2026 жылы сағат 10-00. 2. Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Түркістан а.о., Әшір Бүркітбаев а., Түркістан к. № 12 (ауылдық клуб) 5 ақпан 2026 жылы сағат 15-00. 3. Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жайылма а.о., Жайылма а., Кертай Домбайұлы к. №1А (ауылдық клуб) 6 ақпан 2026 жылы сағат 11-00.

Жобаның тапсырыс берушісі – «ЕВРОХИМ - УДОБРЕНИЯ» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Жамбыл обл., Жаңатас қ., С. Аспандияров к., 5, БСН 080740015611, тел. +7(701)-035-15-04, e-mail: nurzhan.oskenbaev@eurochem.ru

Жобаны жасаушы – «Minerals Operating» ЖШС, Астана қ., Ұлы Дала даңғ., 65 ү., 55 п., БСН 181140023496, +7 777 491 40 02, e-mail: info@moperating.kz

Әсер ету аумағының координаттары – 43°32'57"СЕ, 69°43'02"ШБ.

Координаты участка – 1. 43°31'09"СЕ, 69°34'27"ШБ, 2. 43°31'19"СЕ, 69°34'42"ШБ, 3. 43°30'42"СЕ, 69°35'49"ШБ, 4. 43°30'09"СЕ, 69°36'57"ШБ, 5. 43°29'57"СЕ, 69°36'44"ШБ, 6. 43°30'34"СЕ, 69°35'27"ШБ.

Жоба материалдарымен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында https://ndbecology.gov.kz және «Жамбыл облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/documents/1?lang=ru танысуға болады. Қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/21, 164 кеңсе, e-mail: krylov.d@moperating.kz, тел. 8 7172 24 72 80, 8 777 491 40 02.

Ескертулер мен ұсыныстар - s.agabek@zhambyl.gov.kz электрондық мекенжайы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Онлайн қосылымға сілтеме:

Жаңатас қ.

Кездесудің идентификаторы: 952-832-220-115. Qosyl кездесуіне қосылу: https://meet.qosyl.kz/meeting/?room=952832220115

Әшір Бүркітбаев а.

Кездесудің идентификаторы: 922-026-038-576. Qosyl кездесуіне қосылу: https://meet.qosyl.kz/meeting/?room=922026038576

Жайылма а.

Кездесудің идентификаторы: 965-243-115-748. Qosyl кездесуіне қосылу: https://meet.qosyl.kz/meeting/?room=965243115748

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «ЕВРОХИМ - УДОБРЕНИЯ» проводит общественные слушания в форме открытых собраний по Отчету о возможных воздействиях к проекту «Дополнение к плану горных работ, плану ликвидации и ОВОС на разработку участка «Кесиктобе» месторождения фосфоритовых руд Кок-Джон, в Сарысуском районе Жамбылской области».

Слушания состоятся в 3-х населённых пунктах: 1. Жамбылская область, Сарысуский район, г. Жанатас, 4 мкр. дом 2 А, офис ЕвроХим-Каратау в 10-00 5 февраля 2026 года. 2. Жамбылская область, Сарысуский район, Туркестанский с.о., с. Ашира Буркитбаева, ул. Туркистана № 12 (сельский клуб) в 15-00 5 февраля 2026 года. 3. Жамбылская область, Сарысуский район, Жайылминский с.о., с. Жайылма, ул. Кертай Домбайулы №1А (сельский клуб) в 11-00 6 февраля 2026 года.

Заказчик проекта – ТОО «ЕВРОХИМ - УДОБРЕНИЯ», Республика Казахстан, Жамбылская обл., г. Жанатас, ул. С. Аспандиярова, 5, БИН 080740015611, тел. +7(701)-035-15-04, e-mail: nurzhan.oskenbaev@eurochem.ru

Разработчик проекта – ТОО «Minerals Operating», г. Астана, пр. Улы Дала, д. 65, к. 55, БИН 181140023496, +7 777 491 40 02, e-mail: info@moperating.kz

Координаты территории воздействия – 43°32'57"СШ, 69°43'02"ВД.

Координаты участка – 1. 43°31'09"СШ, 69°34'27"ВД, 2. 43°31'19"СШ, 69°34'42"ВД, 3. 43°30'42"СШ, 69°35'49"ВД, 4. 43°30'09" СШ, 69°36'57" ВД, 5. 43°29'57" СШ, 69°36'44" ВД, 6. 43°30'34" СШ, 69°35'27" ВД.

С материалами проекта можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов https://ndbecology.gov.kz и сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Жамбылской области» https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/documents/1?lang=ru. Дополнительную информацию можно получить по адресу: г. Астана, проспект Мангилик Ел, 55/21, офис 164, e-mail: krylov.d@moperating.kz, тел. 8 7172 24 72 80, 8 777 491 40 02.

Замечания и предложения принимаются не позднее трех рабочих дней до даты проведения общественных слушаний по электронному адресу - s.agabek@zhambyl.gov.kz

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Ссылка на онлайн подключение:

г. Жанатас

Идентификатор встречи: 952-832-220-115 Подключиться к встрече в Qosyl: https://meet.qosyl.kz/meeting/?room=952832220115

с. Ашира Буркитбаева

Идентификатор встречи: 922-026-038-576 Подключиться к встрече в Qosyl: https://meet.qosyl.kz/meeting/?room=922026038576

с. Жайылма

Идентификатор встречи: 965-243-115-748 Подключиться к встрече в Qosyl: https://meet.qosyl.kz/meeting/?room=965243115748

АМАНГЕЛДІ ЕСМАХАНОВ



БАР ҒҰМЫРЫН ЕЛГЕ АРНАҒАН ЖАН ЕДІ

Ауыл жақтан қаралы хабар жетті. Ардақты аға, асыл азамат Амангелді Әбенұлы Есмахан бақилыққа бет алыпты.

Амангелді аға бар ғұмырын елге, ұрпақ тәрбиесіне арнаған, адал еңбегімен, парасатымен, сабырлы мінезімен баршаға үлгі болған жан еді. Ұстаздық жолдағы табандылығы, адамгершілігі мен жауапкершілігі – біз үшін ғана емес, оны таныған барша жұрт үшін үлкен өнеге болды.

Ағамның артында өшпес із, өнегелі ұрпақ, саналы шәкірттер қалды. Ол кісінің жарқын бейнесі, ақылы мен қамқорлығы жүрегімізде мәңгі сақталады.

Осы орайда, Амангелді ақсақалдың бауыры, маған әрдайым жанашырлықпен ағалық қамқорлығын танытып жүретін Қырғызәлі Тілеуұлына да қайғырып көңіл айтамын.

Марқұмның отбасы, балалары мен немере-шөберелеріне Алла Тағала сабыр берсін. Амангелді ағамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын.

ҚАНАТБЕК МӘДІБЕК, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ӘКІМШІЛІГІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ИНСПЕКТОРЫ

Еңбек ардагері, ұлағатты ұстаз болған Амангелді Әбенұлы Есмахан 85 жасқа қараған шағында дүниеден өтті.

Амангелді Әбенұлы 1941 жылы 10 ақпанда Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жайылма ауылында мұғалім отбасында дүниеге келген. 1948 жылы мектеп табалдырығын аттап, 1958 жылы орта мектепті бітіріп шыққан.

Мектеп бітіргеннен кейін Калинин атындағы совхозда 2 жылдай жұмысшы болды. 1960-65 жылдары В.И.Ленин атындағы орта мектепте Сарысу аудандық комсомол комиттетінің жолдамасымен аға пионер вожатый болып жұмысқа жіберілді. 1965-2004 жылдары Әйтеке би атындағы орта мектепте мұғалім, оқу шеберханасының меңгерушісі болып жұмыстар атқарды. 1981 жылы Шымкент педагогикалық институтының тарих факультетін еңбектен қол үзбей жүріп бітірді.

1975 жылдан КПСС мүшесі болды. Еңбек еткен жылдарында мектеп өміріндегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан, 1975-1986 жылдары мектеп кәсіподақ ұйымының төрағасы. 15 жылдай саяси оқытудың жетекшісі болды. 1991 жылы қоғамдық негізде ауылдық кеңестің төрағасы болып саяси ортада аянбай еңбек етті. Осы жылдары аудандық, облыстық, республикалық, одақтық деңгейдегі құрмет грамоталарымен, медальдармен марапатталды.

1984 жылы есімі Сарысу аудандық Құрмет тақтасына, 1985 жылы Жамбыл облыстық Құрмет тақтасына ілінді. 1973,1975 жылдардағы Социалистік жарыстың жеңімпазы атанды. 1968 жылы ДОСААФ-тың 50 жылдығына орай облыстың құрмет грамотасымен марапатталды. 1982 жылы «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісін алды. 1984 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының шешімімен «Еңбектегі жетістігі үшін» медалін иеленді. 1984 жылы КСРО оқу министрінің құрмет грамотасымен марапатталды. 1989 жылы 13 қаңтарда «Еңбек ардагері» медалін алды.

Ардақты Амангелді ағамыздың жарқын бейнесі жадымызда сақталады.

Аудан әкімдігі және аудандық ардагерлер кеңесі марқұмның отбасы мен жақындарына қайғырып көңіл айтады.

АУДАН ӘКІМДІГІ, АУДАНДЫҚ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІ

Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері, еңбек ардагері Амангелді Әбенұлы Есмахан 85 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Амангелді Әбенұлы ұлт мұраты мен ұрпақ тәрбиесі жолында аянбай еңбек еткен айтулы ұстаз еді. Ол 1941 жылы 10 ақпанда Жамбыл обылысы, Сарысу ауданы, Жайылма ауылында дүниеге келді. 1958 жылы орта мектепті бітірген соң Калинин атындағы совхозда жұмысшы болып, еңбек жолын бастады.

1960-1965 жылдары Сарысу аудандық комсомол комиттетінің жолдамасымен В.И.Ленин атындағы орта мектепке аға пионер вожатый болып жұмысқа жіберілді.

1965-2004 жылдар аралығында Әйтеке би атындағы орта мектепте мұғалім, оқу шеберханасының меңгерушісі болды.

Оқу-білімге құштар азамат еңбектен қол үзбей жүріп 1981 жылы Шымкент педагогикалық институтын тарих мамандығы бойынша тәмамдады.

Сонымен қатар білікті педагог қоғамдық -саяси қызметтерде де лайықты қолтаңбасын қалдырды. 1975 жылдан КПСС мүшесі болды. 1975-1986 жылдары мектептің кәсіподақ ұйымына төрағалық етті. 15 жылға жуық уақыт саяси оқытудың жетекшісі болды. 1991 жылы қоғамдық негізде ауылдық кеңестің төрағасы атанды. Өнегелі өмір жолында адал еңбегі әділ бағаланып, аудандық, облыстық, республикалық, одақтық деңгейдегі Құрмет грамоталарымен, медальдармен марапатталды.

Жеткен жетістіктері үшін 1984 жылы Сарысу аудандық Құрмет тақтасынан, 1985 жылы Жамбыл облыстық Құрмет тақтасынан ойып тұрып орын алды.

1973,1975 жылдардағы Социалистік жарыстың жеңімпазы атанды.

1982 жылы «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісін кеудесіне жарқырата тақты.

1984 жылы СССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының шешімімен «Еңбектегі жетістігі үшін» медалін, КСРО оқу министрінің құрмет грамотасын, 1989 жылы «Еңбек ардагері» медалін иеленді.

2004 жылдан бастап зейнеттік демалысқа шықты.

Өз отбасында 3 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірді, олардан 17 немере, 9 шөбере сүйді.

Бар ғұмырын өнірдің өсіп-өркендеуі мен ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұлағатты ұстаздың орны толмас қазасы бәріміздің де қабырғамызды қайыстырды. Марқұмның отбасы мен туған-туыстарына, әріптестері мен шәкірттеріне қайғыларына ортақтаса отырып, көңіл айтамыз. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болғай.

САРЫСУ АУДАНДЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ

Меншік иесі:
“САРЫСУ” ГАЗЕТІНІҢ РЕДАКЦИЯСЫ” ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
Жанна ЖЕТЕНОВА
Директор

Редакция телефондары:
Директор:
6-29-21,
тілшілер:
6-19-12,
E-mail: sarysu_02@bk.ru
gazeta-sarysu.kz
Таралымы 2200
Тапсырыс № 668

Редакция мақала авторларының көзқарасы үшін жауап бермейді, қолжазба кейін қайтарылмайды.
Жарнама мен хабарландырулардың, құттықтаулар мен көңіл айтулардың мәтіні мен мазмұнына тапсырыс беруші жауапты
Газет уақытылы қолыңызға тимесе 6-19-12 телефонына хабарласыңыз
Sarysý газетінде жарияланған материалдарды әлеуметтік желілерде, басқа да басылымдарда көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша келісімі алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Газет аптасына екі рет-сәрсенбі, сенбі күндері шығады
Газет индексі-65301

Ⓐ-Материалдың жариялану ақысы төленген
Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Қанатты қалам әлемі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі баспаханасында басылады.
Мекенжайы: Тараз қаласы, Төле би көшесі 36Б.
Газет Қазақстан Республикасының ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2020 жылғы 08 қаңтарда тіркеліп, №KZ04VPY00019163 куәлігі берілген.

Кезекші редактор:
СӘУЛЕТ ЕСҚАРА
Мекенжайымыз:
080700,
Жаңатас қаласы,
1-шағынауданы, 28-үй.



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

ПОЛК КОМАНДИРІНЕ ШОПЫР БОЛҒАН ҚАРИЯ



Қалдыбай інімізді асық атып, доп қуып жүрген бала жасынан танушы едім. Олай дейтінім сол кезде екеуміздің де әке-шешелеріміз Калинин атындағы кеңшарда қой отарларын бағатын. Шопандар қауымы үшін жаз қызығы жайлау еткен ат тұяғы басқан жерден бұлақ көздері бұрқырап қайнайтын, табиғаты ғажап, салқын самалды Көсегенің көк жоны еді. Тартылған желіге тулатып құлын байлап, сары қымыз сапырмайтын шопан үйі болмайтын. Жаз жайлауда арқаны кеңге салған шопандар күн құрғатпай бір үйде бас қосып, бағлан қозының етінен дәм татып, қызыл тобылғының ерекше хош иісіне ысталған сабада ашыған қымызынан құмарта ішіп, арқа-жарқа отырыстар жасаушы еді. Түс ауа, күн көзі еңкейіп, салқын түсе кең даланы дүбірлеткен қазақтың ұлттық көкпар ойыны басталатын. Жүректі де, білекті шабандоз жігіттердің тартқан көкпарларын қызықтап тай, құнанға мінген балалар да жүруші еді. Сол кезде он жасқа тола қоймаған Қалдыбай да тақым басқан тайменен шапқылап жүретін. Ол бала кездің өзінде елгезек, ширақ, өте пысық еді. Тайға мініп, түсуі де шапшаң әрі жылдам болатын. Балалар көбінесе қым-қуыт арпалысқа толы додаларды қызықтаушы едік. Көкпаршы ағалар балаларды додаға тақалуға қатаң тиым салатын.

-Аулақтау жүріңдер. Көкпаршылардың ауыздықпен алысқан аттары қағып кетіп, жазым етіп жүрмесін,-деп қамқорлық жасаушы еді.

Онысы рас. Додалы топты жарып шығып, аққан жұлдыздай шапқан аттардың арыны мен екпіні қатты болатын. Жон өлкесінде шопандар үйі иттің үрген дауысы ғана емес, құлаштап лақтырған тасың жететін жерде жақын қоныстанушы еді. Жазғы каникул кезі. Жанымыз тыныш, жағамыз бос, рахат. Сабақ сұрап, басты ауыртып, миымызды ашытып жатқан ағай, апайларымыз да жоқ. Сосын ерігіп, зеріккеннен көгалда доп қуып, тақыр жердің шаңын аспанға атып асық ойнаймыз.

Атқан оқтай, шапқан аттай зымыран уақытта тоқтау болмаған екен. Одан бері арада алпыс жылдан астам уақыт жел айдап көшкен бұлттай, көзді ашып жұмғандай өте шығыпты. Бір кездері асық атып, доп қуып, таймен шапқылаған Қалдыбай ініміз балалық, жастық шақтарының қайталанбас қызықты сәттерін қыр астында қалдырып, бүгінде 70 жасқа толып, кәттә қария болыпты. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дейді дана халқымыз. Олай болса желісін тартқалы отырған әңгіметіміздің әлқиссасын кейіпкеріміздің ұшқан ұясынан, көрген тәлім-тәрбиесінен бастағанымыз жөн болар. Бозбала кезімізде Қалдыбайдың асқар тау әкесі Төлмағанбет қарияны, асыл анасы Шәйі апамызды көзіміз көрді. Сәті түсе қалған күндерде қолдарына су құйып, ақ батасын алған абзал жандарды бірін көке, бірін апа деп есейдік. Үлкен өмірге сын көзбен қарап, оң мен солымызды енді-енді тани бастаған кезіміз ғой. Соқпақты да сүрлеулі өмір өткелдерін кешкен көкеміз бен апамыз ел-жұртына қадірлі, шаңырағы шаттықты, отбасы берекелі, көсегелері баламен көгерген жандар еді. Күндерде белгі, жылдарда жазу, ғасырда таңба қалады. 1906 жылы жарық дүние есігін ашқан Төлмағанбет көкеміздің жалын атқан жастық шағы аумалы-төкпелі, қиын-қыстау, қилы заман кездерімен тұспа-тұс келіпті. 1922 жылы сауатсыздықты жою мектебінен хат таниды. Ат жалын тартып, азамат болған соң кеңес өкіметінің жүргізген саясатына орай ұжымшарға бірігу науқанына белсене атсалысады. Ажал аузын арандай ашқан ашаршылық жылдары жасқа тән күш жігер, қажыр-қайрат танытады. Аштықтан қабырғасы қайысып, қайғы-қасіреттің уын ішіп, өмірден түңілген жандарға қол ұшын созады. Аңшылар бригадасын ұйымдастырады. Мергендердің атқан, қақпан, тұзаққа, ауға түскен аң, құс, балықтардың етімен аштыққа ұшыраған халықты ажал тырнағынан арашалап қалады. Өмірдің ыстығы мен суығы ерте есейтіп, құрыштай шынықтырған Көпешов Төлмағанбет көкеміз 1935 жылы «Еңбек» ұжымшарының құрылыс әрі сүт фермасын басқарады. Партия қатарына өтеді. Ұйымдастыру қабілеті мен ізденімпаз іскерлігі аудан басшылары тарапы назарынан тыс қалмайды. «Еңбек», «Жаңа жол» ұжымшарларының партия ұйымдарын басқаруға жіберіледі. 1940 жылы Шымкент қаласындағы ұжымшар қызметкерлерінің білімін көтеретін мектепте бір жыл оқиды. Осы мектепті бітіріп келген бетте еңбек адамдарының қолдауымен «Еңбек» ұжымшарының төрағасы болып сайланады. 1942 жылы әскерге алынады. Осы жылдың аяғында ауыр жараланып, госпитальда жарты жыл емделеді. Ауыр жарақаттың салдарынан ұрысқа қатысуға денсаулығы жарамсыз болған соң 1943 жылдың көктемінде елге оралып, «Еңбек» колхозында төраға, кейіннен қой фермасын басқарады. «Ынталы» су қоймасын салысуға белсене атсалысады. 1951 жылы іріленген Карл Маркс атындағы ұжымшар болғанда шопан болады. 1957 жылы Калинин атындағы кеңшар атанғанда ата кәсіпті абыроймен жалғастырып, отардан отар өргізеді. Көптеген орден, медалдардың иегері атанады.

Сол тұстағы бозбалалар үлкен кісілердің айтқан әңгімелеріне құлақ түріп журуші едік. Төлмағанбет көкеміз көптің ортасында отырып өзі өмірі жайлы айтқан үзік сырлы әңгімесі есімде қалыпты.

-1941 жылдың жаз ортасында Ұлы Отан соғысы басталды,-деп әңгіме желісін тартқан еді көкеміз,-Ауылдағы ер-азаматтың бәрі майдан даласының алғы шебіне аттанды. Ұжымшардағы қолмен атқарылатын барлық жұмыс еңкейген қарттар мен нәзік жанды аналарға, бозөкпе балаларға қарап қалды. Соғыстың аты соғыс екен. Қайғы-қасіреті жаныңды жабырқатқан күндер мен ұйқысыз таң атырған түндер өтіп жатты. Арада ел-жұрттың есін алып, еңсесін езген бір жыл уақыт өтті. Мені майдан даласына шақырар емес. Алаңдай бастадым. Шыдай алмаған соң аудан орталығы Байқадамға жол тарттым. Аудандық комиссариаттың бастығы егде жастағы шені капитан, өзі сыпайы сөйлейтін кісі екен. Аман-саулық сұрасқан бетте:

-Мені майданға неге шақырмай жатырсыңдар? Әлде ер-азамат ретінде есепте жоқпын ба?-дедім.

Капитан жауабын кідірткен жоқ.

-Олай демеңіз. Бізде аудан бойынша есепте тұрмайтын ер-азаматтар жоқ болмайды. Қазір анық-қанығын білеміз. Аты-жөніңіз кім еді?

-Төлмағанбет Көпешов.

Комиссар бір бума қағаздың ішінен бір парақты алды да, көз жүгіртіп:

-«Еңбек» ұжымшарының төрағасы екенсіз. Аудандық партия комитетінің нұсқауы бойынша сізді майданға шақырмай отырмыз. Тыл еңбеккерлерінің «Бәрі де майдан үшін, Жеңіс үшін» деген ұранмен еңбек етіп жатқанын өзіңіз де жақсы білесіз. Тылдағы, ауылдағы қыруар, қарбалас жұмыстарға да сіз секілді іскер басшылар керек.

-Ел-елдігін жасай береді. Мен құралайды көзге атқан мергенмін. Жағадан алған жауларды тасалау жерде демалып отырып-ақ шалғы тиген шөптей баудай түсіремін, жандарын жаһанамға жіберемін,-дедім.

Капитан күлімсіреп:

-Майданға бармай көңіліңіз тыныш таппайтын секілді. Аудандық партия комитетіне қатынас қағаз жібереміз. Келісім беріп қалар. Ұзақ жолға дайын-дала беріңіз,-деді.

Арада екі айдай уақыт өткенде әскер қатарына шақырылып, сарбаз жейдесін кидім. Алғы шепке жетіп, қанқұйлы соғысқа қатыстым. Адамның адамға оқ атқан сұмдықты көріп тұлабойым түршікті. 1942 жылдың аяғына таман сұрапыл, жан алып, жан беріскен, қиян-кескі ұрыстың бірінде ауыр жараландым. Бірнеше айлар госпитальда емделген соң, әскери дәрігерлер елге қайтару жөнінде шешім қабылдады. Енді соғыс болмасын, ұрпағымыз көрмесін деп тілеймін.

Көкеміздің осы әңгімесінен кейін соғыс дегеннің қандай болатынын білгендей болдық. Шәйі апамыз он перзентке әлемнің жарығын сыйлаған алтын құрсақты «Батыр ана» болды. Шаңыраққа шаттық сыйлап, тал бесікте тербетілген бөбектердің жетеуі шекелері торсықтай ұл бала болды. Көкеміз бен апамыздың Құдай берген жеті ұлы есейіп, ержеткен соң ел-жұртына танымал азаматтар сапына қосылды. Үлкен ұлы, бүгінде абыз ата жасына жеткен Кеңесбек ағамыз білім саласында жемісті еңбек етіп, ауданның бірнеше мектептерінде директор қызметін атқарды. Ұстаздардың ұстазы атанды. Екінші ұлы Қуанышбек ағамыздың қаржы саласындағы ерен еңбектері жарық жұлдыздай жарқырады. Талас ауданының Құрметті азаматы болды. Арқабайы автобаза кәсіпорнын басқарып, кейіннен аудан әкімдігінде мемлекеттік қызметтің тізгінін қақты. Әйтеуір жеті ұлдың осалы болған жоқ. Бәрі де өз мамандықтары бойынша еңбек еткен саланың «Сен тұр, мен атайын» дейтіндей майталмандары болды. Төлмағанбет көкеміз ырымшыл болған секілді. Бай болсын деген ниетте болғаны айдан анық. Кейінгі бес ұлдарының аттарын азан шақырып, Аралбай, Арқабай, Қалдыбай, Малдыбай, Қырықбай деп қойғанын Жаратқан Ие қабыл етсе керек. Бүгінде бәрі зейнет демалысында, балалы-шағалы, отбастары берекелі, бай-қуатты тұрып жатқан жайлары бар.

Қалдыбай ініміздің осындай ынтымақты, берекелі отбасынан тәлім- тәрбие алып, ұядан ұшқанда көргенін ілуі заңдылық та еді. Аузын ашса жүрегі көрінетін аққөңіл Қалдыбаймен бетпе-бет жүздесіп, сырлы сұхбат құрудың да сабақты инедей сәті түскен еді.

-1971 жылы Жаңатас қаласындағы М.Әуезов атындағы орта мектептің сегізінші сыныбын бітірген соң мамандық алып, еңбек етуге ниет еттім,-деп бастаған еді ол әңгімесін,-Бұл ойымды әке-шешеме айтып, ақыл да сұрадым.

-Әке, мен бұдан әрі мектепке бармайтын шығармын. Мамандық алып, жұмыс істегім келеді,-дедім.

Әкем аң-таң қалған жүзбен қарап:

-Неге олай еткелі жүрсің? Кеңесбек пен Қуанышбек ағаларың «үністет» бітіріп, қызмет етіп жатыр. Арқабай ағаң да жоғары оқу орнына түсті. Сен де солай етпейсің бе?

Әке-шешеме еркелеп өскенім бар, сөзімді әзілге бұрдым.

-Ағаларымның институт бітіріп, бастық болғандары жетеді ғой. Бір үйдің балаларының бәрі дөкей болу міндет емес шығар.

Сол жылы 65 жасқа толған әкем көңілдене күліп:

-«Сөз тапқанға қолқа жоқ» деген. Сөз тауып кеттің. Сонда қандай мамандықпен жұмыс істемек ойың бар?-деді.

-Жолдың апшысын қуырып, желмен жарысқан шопыр боламын. Осы үйге қыс айларында жағатын отын, қорадағы малға жем мен шөп әкелетін бір машина керек емес пе?

Орамды ойыма, ұтымды жауабыма әкем риза болды-ау деймін.

-Мамандықтың үлкені мен кішісі, жақсысы мен нашары жоқ. Сүйген істің сүйініші көп болады. Ниетіңді Жаратқан Ие қабыл етіп, мақсатыңа жет, балам,-деп ақ баталы сөзін айтты.

Бала жастан ойыма алған істі бітіргенше тыным таппайтын әдетім бар еді. Іркіліп, кідіргенім жоқ. №19 Байқадам кәсіптік-техникалық училищесіне құжат тапсырдым. 1973 жылы автокөлік жүргізушісі және механизатор куәліктерін қолға алдым. Аудандық мәдениет бөліміне жұмыс сұрай бардым.

Бөлім меңгерушісі Күздеубаев Мейрамбек аға:

-Алдымен таныс, біліс болайық. Кімнің баласысың?-деді.

Бала кезімізде әкеміз бен шешеміз «Үлкен кісілерге кездесіп қалсаңдар, сәлем беруді ұмытпаңдар. Ақ батасын аласыңдар» деп айтқан ақылын естіп, құлағымызға құйып өстік қой. Сәлем берген кісілеріміз «Таудай жігіт бол» деп ақ тілегін айтады. Кейбірі «Танымадық, кімнің баласысың?» деп сұрап қалады. Сонда мен іркілмей «Көпешов Төлмағанбеттің бесінші ұлымын» дейтінмін. Сол әдетіммен Мейрамбек ағаға да:

-Көпешов Төлмағанбеттің бесінші ұлымын,-дедім.

-Е, өзіміздің Төкеңнің баласы екенсің ғой. Әке-шешең аман-есен, бақуатты ма?

-Бәрі жақсы, аға.

-Автоклуб көлігін жүргізесің. Бұйрықты бүгін беремін. Еңбек жолыңның тырнақалды тұсауын да мен кесіп отырмын. Ұзақ жолда сәттілік тілеймін.

-Рахмет, аға. Сеніміңізді ақтаймын,-дедім.

Автоклуб жұмысы мен үшін көңілді әрі қызықты болды. Жылдың он екі айында тыным болмайды екен. Таң атты, күн батты деп уақытпен санаспаймыз. Біздің жұмыс сапарларымыз көбінесе елді мекендер мен малды ауылдарда өтуші еді. Атап айтқанда күзгі күйек алу, қысқы мал қыстату, көктемгі төл қабылдау кездерінде малшыларға кино қойып, мәдени қызмет көрсетеміз. Жаз айларында дала қостары мен шабындық алқаптарында егін жинау мен қоғамдық малға жем-шөп әзірлеп жатқан механизаторларға да мәдени қызмет көрсету абыройлы міндетіміз болды. Үнемі алғыс арқалап жүреміз. Арада жылға жуық уақыт өтпей Мейрамбек аға қызмет бөлмесіне шақыртты. Сәлем бере барғанымда мен күтпеген жаңалықты айтты.

-Қалдыбай, саған ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары Райымов Балтабай ағаң «құда» түсіп жатыр. «Ұзынқұлақтан тындырымды жігіт деп естіп жатырмын. Рұқсат етіп маған жібере көріңіз. Шопырым болсын» деп жатыр. Бұл шақыруға қалай қарайсың? Барасың ба?

-Білмеймін, ойлану керек шығар.

-Ойланып, толғанатын ештеңе де жоқ. «Шақырған жерден қалма» деген. Барғаның жөн.

Сөздің тоқетері айтылған соң екі-үш күн ішінде Балтабай ағаның қызметтік «Уаз» көлігінің шопыры болып шыға келдім. Бұл кісінің қарамағында айға жуық қана жұмыс атқардым. Кеңес армиясы қатарына шақырылып, Ресейдің Хабаровский край өлкесінен бірақ шықтым. Сол тұста әскерге барған жастар арасында мамандығы барлар аз болушы еді. Аты-жөнін ұмыттым. Мені полк командирі өзіне шопыр етіп алды. Екі жылғы әскери борышымды осы кісінің қарамағында өткіздім. Табиғаты қатал, суық өңір екен. Оңтүстіктің жылы жерінен барған мен секілді сарбаздарды аязды, боранды күндері шалғының жүзіндей шыңдады. 1979 жылдың күзінде отан алдындағы әскери міндетімді абыроймен атқарып, елге оралған бетте Байқадам жұмысшылар кооперациясының төрайымы Досжанова Алтын тәте өзіне шақыртты. Көңілді қарсы алған тәтем:

-Ел-жұртына қадірлі әкең мен анаңды өте жақсы танимын. Тонның ішкі бауындай сіз-біз десіп сыйласып, дәм-тұздас болып араласып жүрміз. Енді арнайы шақырғандағы шаруамды айтайын. Өзіңді әскерден келгеніңді күтіп отырғандай жайым бар. Қызметтік көлігіме жақсы шопыр керек болып қалды. Қалауым саған түсіп отыр,-деді.

Қарсы сөзге келгенім жоқ.

-Жарайды, тәте,-дедім.

Ертеңіне еңбек кітапшама көз жүгірткен Алтын тәтем таң қалғанын жасыра алмады.

-Қалдыбай бауырым, сен тектінің ұрпағы екеніңді танытып жүр екенсің. Полк командирінің шопыры болу екі қазақтың бірінің баласының қолынан келе бермейді. Жарайсың, орысша «настоящий человек», қазақша «нағыз жігіт» екенсің. Енді тәтеңнің көлігін ұршықша иір,-деді көңілді де жарқын үнмен.

Сонымен Алтын тәтенің қызметтік «Москвичінің» тізгінін үш жыл қақтым. Орайы келгенде айта кеткен жөн. Алтын тәте мейірімді, жақсылық жасауға асығып тұратын, тауып та, қауып та айтатын шешен, іскер, қажет жерінде адуынды басшы болғанын көзіміз көрді. Бір күні қызмет бөлмесіне кірсем Алтын тәтем көңілсіздеу отыр екен.

-Қазақ десе бәрімізге тиеді. Өзі бір автобаздың білдей бастығы. Қарамағында жүзге тарта шопыры бар. Мұстафин Мәжит ағаны айтып отырмын. Көзі саған түсіпті. «Волгамды» айдасын деп сені сұратып жатыр. Жиырма жас үлкендігі бар ағаның базынасын елемеске тағы болмайды. Сол кісіге барғаның жөн,-деді.

Байқадам автотранспорт мекемесінің басшысы Мұстафин Мәжит ағаның «Волгасын» екі жыл айдадым. Көп күндердің бірінде Мәжит аға:

-Енді жүк көлігін жүргіз,-деп «ЗИЛ» автокөлігінің кілтін табыс етті.

Үш жыл өткен соң қуатты жүк көлігі «КамАЗ»-ға тақым бастым. 1983 жылы жазиралы жаз айында басшымыз Мәжит аға жиын өткізді.

-Жоғарыдан Қостанай облысында бітік шыққан егінді жинауға атсалысу жөнінде тапсырма алып отырмыз. Оннан аса «КамАЗ» автокөлігін қос тіркемесімен жіберуіміз керек. Қане, кімдер барғысы келеді?

-Мен барамын,- деп алғашқы жүргізушілердің бірі болып ниет еттім.

Сонымен оншақты «КамАЗ» автокөліктері Қостанай облысының Жетіқара ауданына жол тарттық. Ширкін, қазақтың дархан кең даласы-ай десеңізші. Бітік шыққан егін белуардан келеді. Үш ай егін орағына атсалысып, ел мен жер көріп ауылға оралдық. Кеңес өкіметі ыдырап, өтпелі кезең келгенде жеке иелгімдегі «КамАЗ» автокөлігімен халыққа қызмет еттім. Аудандық жер қатынастары бөлімінде жүргізуші бола жүріп 2019 жылы зейнет демалысына шықтым. Еңбектен әлі қол үзгенім жоқ. «КамАЗ» автокөлігімен халыққа қызмет көрсетуді жалғастырып келемін. Құдай қосқан қосағым Сәдібекова Күлжан екеуіміз үш ұл тәрбиелеп, мақсаттарына жеткіздік. Бүгінде жаннан тәтті он немеренің атасы мен әжесі атанып отырмыз. Мен 1956 жылдың 1 қаңтар күні жарық дүние есігін ашыппын. Жаңа жылды қарсы алған ел-жұрт менің туылған күнімді бірге тойлап жатқандай болады.

Полк командирінің шопыры болған Қалдыбай інімізбен әсерлі әңгімесін осылайша әзіл-қалжыңмен аяқтады.

Темірлан ӘБІЛДАЕВ,
ардагер журналист

«ҚАЗАҚСТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТЕЛЕРАДИОКОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ
ЖАМБЫЛ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ
ЖАМБЫЛСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ФИЛИАЛ АО «РЕСПУБЛИКАНСКАЯ
ТЕЛЕРАДИОКОРПОРАЦИЯ «КАЗАХСТАН»
ZHAMBYL REGIONAL BRANCH
«KAZAKHSTAN REPUBLIC TV AND RADIO CORPORATION» JSC

№ 04-12/117
от 25.12.2025 года

JAMBYL

Эфирная справка

Исполнитель: Жамбылский филиал АО «РТРК «Казахстан» (Телеканал «Jambyl»)
Заказчик: ТОО «Minerals Operating», БИН 181140023496
Вид услуги: услуги по размещению объявлении в рубрике «Бегущая строка»

Текст: • Хабарлама. «ЕВРОХИМ - УДОБРЕНИЯ» ЖШС «Жамбыл облысы Сарысу ауданындағы Көк-Джон фосфорит кен орнының «Кесіктөбе» учаскесін игеруге арналған тау-кен жұмыстары жоспарына, жою жоспарына және ҚОӘБ-ға толықтыру» жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Тыңдаулар 3 елді мекенде өтеді: 1) Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жанатас қ., 4 мкр., 2А үйі, ЕвроХим-Каратау кеңсесі 5 ақпан 2026 жылы сағат 10-00; 2) Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Түркістан а.о., Әшір Бүркітбаев а., Түркістан к. № 12 (ауылдық клуб) 5 ақпан 2026 жылы сағат 15-00; 3) Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жайылма а.о., Жайылма а., Кертай Домбайұлы к. №1А (ауылдық клуб) 6 ақпан 2026 жылы сағат 11-00. Жобаның тапсырыс берушісі – «ЕВРОХИМ - УДОБРЕНИЯ» ЖШС, ҚР, Жамбыл обл., Жанатас қ., С. Аспандияров к., 5, БСН 080740015611, тел. +7(701)-035-15-04, e-mail: nurzhan.oskenbaev@eurochem.ru. Жобаны жасаушы – «Minerals Operating» ЖШС, Астана қ., Ұлы Дала даңғ., 65 ү., 55 п., БСН 181140023496, +7 777 491 40 02, e-mail: info@moperating.kz. Әсер ету аумағының координаттары – 43°32'57"СЕ, 69°43'02"ШБ. Координаты участка – 1) 43°31'09"СЕ, 69°34'27"ШБ; 2) 43°31'19"СЕ, 69°34'42"ШБ; 3) 43°30'42"СЕ, 69°35'49"ШБ; 4) 43°30'09"СЕ, 69°36'57"ШБ; 5) 43°29'57"СЕ, 69°36'44"ШБ; 6) 43°30'34"СЕ, 69°35'27"ШБ. Жоба материалдарымен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында https://ndbecology.gov.kz және «Жамбыл облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/documents/1?lang=ru танысуға болады. Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 55/21, 164 кеңсе, e-mail: krylov.d@moperating.kz, тел. 8 7172 24 72 80, 8 777 491 40 02. Ескертулер мен ұсыныстар - s.agabek@zhambyl.gov.kz электрондық мекенжайы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады. Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Онлайн қосылымға сілтеме: 1) Жанатас қ., Кездесудің идентификаторы: 952-832-220-115. Qosyl кездесуіне қосылу: https://meet.qosyl.kz/meeting/?room=952832220115 2) Әшір Бүркітбаев а. Кездесудің идентификаторы: 922-026-038-576. Qosyl кездесуіне қосылу: https://meet.qosyl.kz/meeting/?room=922026038576 3) Жайылма а. Кездесудің идентификаторы: 965-243-115-748. Qosyl кездесуіне қосылу: https://meet.qosyl.kz/meeting/?room=965243115748

бланк сериялық номермен ғана қолданылады
бланк действителен только с серийным номером

Объявление. ТОО «ЕВРОХИМ - УДОБРЕНИЯ» проводит общественные слушания в форме открытых собрании по Отчету о возможных воздействиях к проекту «Дополнение к плану горных работ, плану ликвидации и ОВОС на разработку участка «Кесиктобе» месторождения фосфоритовых руд Кок-Джон, в Сарысуском районе Жамбылской области». Слушания состоятся в 3-х населённых пунктах: 1) Жамбылская область, Сарысуский район, г. Жанатас, 4 мкр. дом 2 А, офис ЕвроХим-Каратау в 10-00 5 февраля 2026 года; 2) Жамбылская область, Сарысуский район, Туркестанский с.о., с. Ашира Буркитбаева, ул. Туркистана № 12 (сельский клуб) в 15-00 5 февраля 2026 года; 3) Жамбылская область, Сарысуский район, Жайылминский с.о., с. Жайылма, ул. Кертай Домбайулы №1А (сельский клуб) в 11-00 6 февраля 2026 года. Заказчик проекта – ТОО «ЕВРОХИМ - УДОБРЕНИЯ», РК, Жамбылская обл., г. Жанатас, ул. С. Аспандиярова, 5, БИН 080740015611, тел. +7(701)-035-15-04, e-mail: nurzhan.oskenbaev@eurochem.ru. Разработчик проекта – ТОО «Minerals Operating», г. Астана, пр. Улы Дала, д. 65, к. 55, БИН 181140023496, +7 777 491 40 02, e-mail: info@moperating.kz. Координаты территории воздействия – 43°32'57"СШ, 69°43'02"ВД. Координаты участка – 1) 43°31'09"СШ, 69°34'27"ВД; 2) 43°31'19"СШ, 69°34'42"ВД; 3) 43°30'42"СШ, 69°35'49"ВД; 4) 43°30'09" СШ, 69°36'57" ВД; 5) 43°29'57" СШ, 69°36'44" ВД; 6) 43°30'34" СШ, 69°35'27" ВД. С материалами проекта можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов https://ndbecology.gov.kz и сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Жамбылской области» https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/documents/1?lang=ru. Дополнительную информацию можно получить по адресу: г. Астана, проспект Мангилик Ел, 55/21, офис 164, e-mail: krylov.d@moperating.kz, тел. 8 7172 24 72 80, 8 777 491 40 02. Замечания и предложения принимаются не позднее трех рабочих дней до даты проведения общественных слушаний по электронному адресу - s.agabek@zhambyl.gov.kz. В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Ссылка на онлайн подключение: 1) г. Жанатас. Идентификатор встречи: 952-832-220-115 Подключиться к встрече в Qosyl: https://meet.qosyl.kz/meeting/?room=952832220115 2) с. Ашира Буркитбаева. Идентификатор встречи: 922-026-038-576 Подключиться к встрече в Qosyl: https://meet.qosyl.kz/meeting/?room=922026038576 3) с. Жайылма. Идентификатор встречи: 965-243-115-748 Подключиться к встрече в Qosyl: https://meet.qosyl.kz/meeting/?room=965243115748


Дни проката: 23.12.2025 г. - 25.12.2025 г.

Директор филиала **Г.К. Куланбаева**

Исп. Б.Абдыманапов
тел.: 8 /7262/ 45-24-27

4-қосымша


АКИМАТ САРЫСУСКОГО РАЙОНА
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ
КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«АППАРАТ АКИМА ГОРОДА
ЖАНАТАС»
25 дек. 2025 г. 10:06:08



Общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения к проекту отчета о возможных воздействиях в письменной форме (на бумажных или электронных носителях) на электронный адрес и почтовый адрес уполномоченного органа в области охраны окружающей среды и местного исполнительного органа области:

- РГУ «Департамент экологии по Жамбылской области», почтовый адрес: 080006, г. Тараз, улица Колбасшы Койгельды, 188, эл. адрес: zhambyl-ecodep@ecogeo.gov.kz, тел. 8 (7262) 43-00-40.
- КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Жамбылской области», почтовый адрес: Жамбылская область, г.Тараз, ул.Абая 133А, эл. адрес: upr.taraz@zhambyl.gov.kz, тел. 8 (7262) 45-13-39.

Көзделіп отырған қызмет, өткізілетін қоғамдық тыңдаулар туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Y.Zhumisbekova@kgnt.kz электрондық поштасы және 8 (705) 666-44-42 телефон нөмірі арқылы алуға болады;

Жұртшылық пен мүдделі жұртшылық ықпал ағерлер туралы есеп жобасына өз ескертулері мен ұсыныстарын жазбаша нысанда (қағаз немесе электрондық тасымалдағыштарда) облыстың қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органының және облыстағы жергілікті атқарушы органның электрондық поштасына және пошталық мекенжайына жібере алады:

- «Жамбыл облысы бойынша экология департаменті» РММ, пошталық мекенжайы: 080006, Тараз қ., Қолбасшы Қойгелді көш., 188 үй, эл. мекенжайы: zhambyl-ecodep@ecogeo.gov.kz, тел. 8 (7262) 43-00-40.
- «Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, пошталық мекенжайы: Жамбыл облысы, Тараз қ., Абай көш., 133 А үй, эл. мекенжайы: upr.taraz@zhambyl.gov.kz, тел. 8 (7262) 45-13-39.

Хабарландыру.

«ЕВРОХИМ - УДОБРЕНИЯ» ЖШС «Жамбыл облысы Сарысу ауданындағы Кок-Джон фосфорит кен орнының «Кескіктөбе» учаскесін игеруге арналған тау-кен жұмыстары жоспарына, жою жоспарына және КОӘБ-ға толықтыру» жобасына ықпал ағерлер туралы есеп бойынша анық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Тыңдаулар 3 елді мекенде өтеді: 1. Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жанатас қ., 4 мкр., 2А үйі, ЕвроХим-Каратау кеңсесі 5 ақпан 2026 жылы сағат 10-00. 2. Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Түркістан а.о., Әшір Бүркітбаев а., Түркістан к. № 12 (ауылдық клуб) 5 ақпан 2026 жылы сағат 15-00. 3. Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жайылма а.о., Жайылма а., Кертай Домбайұлы к. №1А (ауылдық клуб) 6 ақпан 2026 жылы сағат 11-00.

Жобаның тапсырыс берушісі – «ЕВРОХИМ - УДОБРЕНИЯ» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Жамбыл обл., Жанатас қ., С. Аспандияров к., 5, БСН 080740015611, тел. +7(701)-035-15-04, e-mail: nurzhan.oskenbaev@eurochem.ru

Жобаны жасаушы – «Minerals Operating» ЖШС, Астана қ., Ұлы Дала даң., 65 ғ., 55 п., БСН 181140023496, +7 777 491 40 02, e-mail: info@moperating.kz

Әсер ету аумағының координаттары – 43°32'57"СЕ, 69°43'02"ШБ.

Координаты участка – 1. 43°31'09"СЕ, 69°34'27"ШБ, 2. 43°31'19"СЕ, 69°34'42"ШБ, 3. 43°30'42"СЕ, 69°35'49"ШБ, 4. 43°30'09"СЕ, 69°36'57"ШБ, 5. 43°29'57"СЕ, 69°36'44"ШБ, 6. 43°30'34"СЕ, 69°35'27"ШБ.

Жоба материалдарымен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында https://ndbecology.gov.kz және «Жамбыл облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/documents/17?lang=ru танысуға болады. Қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55/21, 164 кеңсе, e-mail: krylov.d@moperating.kz, тел. 8 7172 24 72 80, 8 777 491 40 02.

Ескертулер мен ұсыныстар - s.agabek@zhambyl.gov.kz электрондық мекенжайы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, эпидемиялық, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі.

Онлайн қосылымға сілтеме:

Жанатас қ.

Кездесудің идентификаторы: 952-832-220-115. Qosyl кездесуіне қосылу: https://meet.qosyl.kz/meeting/?room=952832220115

Әшір Бүркітбаев а.

Кездесудің идентификаторы: 922-026-038-576. Qosyl кездесуіне қосылу: https://meet.qosyl.kz/meeting/?room=922026038576

Жайылма а.

Кездесудің идентификаторы: 965-243-115-748. Qosyl кездесуіне қосылу: https://meet.qosyl.kz/meeting/?room=965243115748

Объявление

ТОО «ЕВРОХИМ - УДОБРЕНИЯ» проводит общественные слушания в форме открытых собраний по Отчету о возможных воздействиях к проекту «Дополнение к плану горных работ, плану ликвидации и ОВОС на разработку участка «Кескиктобе» месторождения фосфоритовых руд Кок-Джон, в Сарысуском районе Жамбылской области».

Слушания состоятся в 3-х населенных пунктах: 1. Жамбылская область, Сарысуский район, г. Жанатас, 4 мкр. дом 2 А, офис ЕвроХим-Каратау в 10-00 5 февраля 2026 года. 2. Жамбылская область, Сарысуский район, Туркестанский с.о., с. Ашира Буркитбаева, ул. Туркистана № 12 (сельский клуб) в 15-00 5 февраля 2026 года. 3. Жамбылская область, Сарысуский район, Жайылминский с.о., с. Жайылма, ул. Кертай Домбайулы №1А (сельский клуб) в 11-00 6 февраля 2026 года.

Заказчик проекта – ТОО «ЕВРОХИМ - УДОБРЕНИЯ», Республика Казахстан, Жамбылская обл., г. Жанатас, ул. С. Аспандиярова, 5, БИН 080740015611, тел. +7(701)-035-15-04, e-mail: nurzhan.oskenbaev@eurochem.ru

Разработчик проекта – ТОО «Minerals Operating», г. Астана, пр. Улы Дала, д. 65, к. 55, БИН 181140023496, +7 777 491 40 02, e-mail: info@moperating.kz

Координаты территории воздействия – 43°32'57"СШ, 69°43'02"ВД.

Координаты участка – 1. 43°31'09"СШ, 69°34'27"ВД, 2. 43°31'19"СШ, 69°34'42"ВД, 3. 43°30'42"СШ, 69°35'49"ВД, 4. 43°30'09" СШ, 69°36'57" ВД, 5. 43°29'57" СШ, 69°36'44" ВД, 6. 43°30'34" СШ, 69°35'27" ВД.

С материалами проекта можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов https://ndbecology.gov.kz и сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Жамбылской области» https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat/documents/17?lang=ru. Дополнительную информацию можно получить по адресу: г. Астана, проспект Мангилик Ел, 55/21, офис 164, e-mail: krylov.d@moperating.kz, тел. 8 7172 24 72 80, 8 777 491 40 02.

Замечания и предложения принимаются не позднее трех рабочих дней до даты проведения общественных слушаний по электронному адресу - s.agabek@zhambyl.gov.kz.

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Ссылка на онлайн подключение:

г. Жанатас

Идентификатор встречи: 952-832-220-115 Подключиться к встрече в Qosyl: https://meet.qosyl.kz/meeting/?room=952832220115

с. Ашира Буркитбаева

Идентификатор встречи: 922-026-038-576 Подключиться к встрече в Qosyl: https://meet.qosyl.kz/meeting/?room=922026038576

с. Жайылма

Идентификатор встречи: 965-243-115-748 Подключиться к встрече в Qosyl: https://meet.qosyl.kz/meeting/?room=965243115748

25 дек. 2025 г. 10:12:26

5-қосымша

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ САРЫСУ АУДАНЫНДАҒЫ КӨК-ДЖОН ФОСФОРИТ КЕНДЕРІ КЕН ОРНЫНЫҢ "КЕСІКТӨБЕ" УЧАСКЕСІН ИГЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТАУ-КЕН ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫНА, ЖОЮ ЖОСПАРЫНА ЖӘНЕ ҚОӘБ-НА ҚОСЫМША " ЖОБАСЫНА ЫҚТИМАЛ ӘСЕР ЕТУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

ОТЧЕТ О ВОЗМОЖНОМ ВОЗДЕЙСТВИИ К ПРОЕКТУ «ДОПОЛНЕНИЕ К ПЛАНУ ГОРНЫХ РАБОТ, ПЛАНУ ЛИКВИДАЦИИ И ОВОС НА РАЗРАБОТКУ УЧАСТКА «КЕСИКТОБЕ» МЕСТОРОЖДЕНИЯ ФОСФОРИТОВЫХ РУД КОК-ДЖОН, В САРЫСУСКОМ РАЙОНЕ ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

Қоғамдық тыңдаулар негіздері/ Основания проведения общественных слушаний:



Орхус конвенциясы (ҚР ратификациялаған) – халықтың қоршаған орта мен денсаулыққа әсері бар шешімдерге қатысу құқығын қамтамасыз етеді.

Орхусская конвенция (ратифицирована РК) гарантирует право общественности на участие в принятии экологически значимых решений, особенно тех, которые могут повлиять на здоровье и окружающую среду.


ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес (91, 93, 94-баптар):

- Қоғамдық тыңдаулар (ОЖ) ең көп ***зардап шеккен немесе жақын елді мекенде өткізіледі***;

В соответствии с ***Экологическим кодексом*** РК (ст. 91, 93, 94):

- Общественные слушания (ОС) проводятся в ***наиболее затронутом*** или ***ближайшем населенном пункте***;

Қоғамдық тыңдаулар негіздері/ Основания проведения общественных слушаний:



Кесіктөбе кен орны кіші Қаратау жотасының фосфорит бассейнінің солтүстік-батыс бөлігінде, Жаңатас қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 13 км жерде орналасқан.

Ең жақын елді мекен Жанатас қаласы

Месторождение Кесиктобе расположено в северо-западной части фосфоритоносного бассейна хребта Малый Каратау, в 13 км к юго-западу от города Жанатас.

Ближайший населенный пункт - Жанатас

Орхус конвенциясының қағидаттарына ***және Экологиялық кодекстің*** талаптарына сәйкес, қоғамдық тыңдауларды ***Жанатас қаласында -*** жақын және ең көп қозғалатын елді мекендегідей өткізілуі тиіс.

В соответствии с принципами ***Орхусской конвенции и требованиями Экологического кодекса***, общественные слушания необходимо проводить ***в г. Жанатас*** — как в ***ближайшем и наиболее затрагиваемом населенном пункте***.

Кәсіпорын туралы жалпы мәлімет
Общие сведения о намечаемой деятельности

Жоспарланған қызмет – Кесіктөбе учаскесінің ашық тәсілімен фосфорит кенін өндіру. Кен өндіру көлемі жыл сайын 500 000 тоннаны құрайды.

Кен өндіру бұрғылау-жару әдісімен жүзеге асырылады. Дизельді экскаваторлар мен бұрғылау станоктарын пайдалана отырып, кен денесі мен аршылған жыныстарды әзірлеу. Аршылған жыныстар аршылған жыныстардың үйіндісіне шығарылады. Руда мобильді кешенде алдын-ала ұсақталады, содан кейін ұсақталған күйде (фосфорит ұны) тұтынушыға жіберіледі. Өнім көлемі жылына 500 000 тоннаны құрайды.

Жөндеу-қойма шаруашылығы, кеніштер қызметкерлеріне тұрмыстық қызмет көрсету, инженерлік қамтамасыз ету объектілері ОПП алаңында орналастырылған, бұл жоба қарастырылмайды.

Осы есепті әзірлеуге негіздеме Кесіктөбе учаскесінде тау - кен жұмыстарын жүргізу кезінде пайда болған аршылған тасты (0-ден 1000 мм-ге дейін) жыныстарды және минералды уд зауытының "синтетикалық гипс" (СГ) жанама өнімін аралас қоймалауды қолдана отырып Кесіктөбе учаскесінде үйінді түзілуі болып табылады

Намечаемая деятельность – добыча фосфоритовой руды открытым способом участка Кесиктобе. Объем добычи руды составит 500 000 тонн ежегодно.

Добыча руды осуществляется буровзрывным открытым способом. Разработка рудного тела и вскрышных пород с использованием дизельных экскаваторов и буровых станков. Вскрышные породы вывозятся на отвал вскрышных пород. Руда предварительно дробится на мобильном комплексе, потом в измельченном состоянии (фосфоритовая мука) отпускается потребителю. Объем продукции составляет 500 000 тонн в год.

Объекты ремонтно-складского хозяйства, бытового обслуживания работников рудников, инженерного обеспечения размещены на площадке ОПП, данным проектом не рассматривается.

Основанием для разработки данного отчета является отвалообразование на участке Кесиктобе - складирование вскрышных скальных (от 0 до 1000 мм) пород, образовавшихся при ведении горных работ на участке Кесиктобе, с добавлением синтетического гипса (сопутствующая продукция завода по производству минеральных удобрений ТОО «ЕвроХим-Каратау») с формированием отвала методом смешивания под откос с целью улучшения физико-механических свойств отвала, повышения его устойчивости, снижения пылеобразования и улучшения условий последующей рекультивации за счёт введения синтетического гипса в массу скальных пород.

Кәсіпорын туралы жалпы мәлімет
Общие сведения о намечаемой деятельности

Жоспар жұмыс кестесі
План график работ

Показатель/Корсеткіштер	Ед. изм.	Всего/Барлығы	1год/жыл (ГКР)	2 год/жыл	3 год/жыл	4 год/жыл	5 год/жыл
Горная масса/тау-кен массасы	$м^3$	11 808 579	557 000	944 847	1 572 482	1 572 482	1 572 482
Руда/кен	$м^3$	1 289 411		32 847	182 482	182 482	182 482
Руда/кен	т	3 532 987		90 000	500 000	500 000	500 000
Вскрыша/аршылаган жыныстар, в т.ч.	$м^3$	10 519 167	557 000	912 000	1 390 000	1 390 000	1 390 000
Наносы	$м^3$	3 808 465	557 000	442 000	842 000	790 000	595 000
Скальная/жартасты	$м^3$	6 710 702	0	470 000	548 000	600 000	795 000
$К_{вскр}$	$м^3$/т	2.98		10.13	2.78	2.78	2.78

Показатель/Корсеткіштер	Ед. изм.	6 год/жыл	7 год/жыл	8 год/жыл	9 год/жыл
Горная масса/тау-кен массасы	$м^3$	1 572 482	1 572 482	1 552 482	891 840
Руда/кен	$м^3$	182 482	182 482	182 482	161 672
Руда/кен	т	500 000	500 000	500 000	442 987
Вскрыша/аршылаган жыныстар, в т.ч.	$м^3$	1 390 000	1 390 000	1 370 000	730 167
наносы	$м^3$	336 000	246 465		
Скальная/жартасты	$м^3$	1 054 000	1 143 535	1 370 000	730 167
$К_{вскр}$	$м^3$/т	2.78	2.78	2.74	1.65

Жұмыс көлемі
Объемы работ

Кен өндіру көлемі жыл сайын 500 000 тоннаны құрайды. Барлық көлем өнім өндіруге кетеді, яғни дайын өнімнің көлемі де жылына 500 000 тоннаны құрайды

Объем добычи руды составит 500 000 тонн ежегодно. Весь объем уходит на производство продукции, т.е. объем готовой продукции также составит 500 000 тонн в год


Қызмет мерзімі
Кен орнын ондіру 10 жыл, 2026 жылдан 2035 жылга дейін.

Сроки эксплуатации
Срок эксплуатации месторождения на 10 лет с 2026 года по 2035 года

Синтетикалық гипс
Синтетический гипс

13.04.2023 жылғы санитариялық-эпидемиологиялық сараптама нәтижелері бойынша сараптамалық қорытындыға сәйкес "уытты және уыттылығы жоғары заттардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентінің уыттылық дәрежесі бойынша сыныптамасына сәйкес синтетикалық гипс қауіптіліктің V – сыныбына жатады (қауіпті емес)

Согласно экспертному заключению по результатам санитарно-эпидемиологической экспертизы от 13.04.2023 года в соответствии с классификацией Технического регламента «Требования к безопасности токсичных и высокотоксичных веществ» по степени токсичности синтетический гипс относится к V – му классу опасности (неопасные)



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ «ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАСЫНЫҢ «САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ САРАПТАМА ЖӘНЕ МОНИТОРИНГ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» ФИЛИАЛЫ

050008, Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 84
факс/тел. (727) 375 61 55
e-mail: npc@npc-ses.kz

Исх. 10-09/1179
от. 13.04.2023

ФИЛИАЛ «НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОЙ ЭКСПЕРТИЗЫ И МОНИТОРИНГА» РЕСПУБЛИКАНСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПРЕДПРИЯТИЯ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ «НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР ОБЩЕСТВЕННОГО ЗДРАВООХРАНЕНИЯ» МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

050008, г. Алматы, ул. Ауэзова, 84
факс/тел. (727) 375 61 55
e-mail: npc@npc-ses.kz

Директору
ТОО «Проектно-экологическое бюро»
Сергеевой Н.В.

Экспертное заключение
по результатам санитарно-эпидемиологической экпертизы

Филиал «Научно-практический центр санитарно-эпидемиологической экспертизы и мониторинга» РГП на ПХВ «Национальный центр общественного здравоохранения» МЗ РК, проводив экспертизу представленных материалов, (заявление от 28 марта 2023г. № 66, отчет «Определение качественного состава и класса опасности гипса синтетического завода по выпуску минеральных удобрений ТОО «ЕвроХим-Каратау»: книга 1. «Определение качественного состава и класса опасности гипса синтетического завода по выпуску минеральных удобрений ТОО «ЕвроХим-Каратау»; книга 2 «Определение качественного состава и класса опасности образцов отходов завода по выпуску минеральных удобрений ТОО «ЕвроХим-Каратау»; книга 3 «Определение качественного состава и класса опасности смеси отходов завода по выпуску минеральных удобрений ТОО «ЕвроХим-Каратау», протоколы испытаний № 381/10, №382/11, № 383/12, № 384/13 от 14.02.2023г.) для утверждения результатов научно-исследовательской работы по определению качественного состава и класса опасности отходов по выпуску минеральных удобрений ТОО «ЕвроХим-Каратау», установило следующее.

Объектами исследования в рамках указанной выше НИР явились: гипс синтетический, отходы переработки «Кек модуля 1А и «Отход модуля ССР»
, смеси отходов «Кек модуля 1А +отход модуля ССР» переработки фосфатного сырья.

Образцы получены при переработке методом солянокислого разложения фосфоритов марки ФК-2 и производстве простого суперфосфата (SSP) на полупромышленной установке Technophos (Technophos by Prayon Технофос ЕАД, Industrial Zone South 9162 Индустриална зона юг, 9162 Девня, Болгария).

Исследования образцов проводились для определения степени их безопасности накопления и с последующим использованием в качестве вторичных материальных ресурсов при строительстве; заполнения (закладки, засыпки) выработанных

007262

В соответствии с классификацией Технического регламента «Требования к безопасности токсичных и высокотоксичных веществ» по степени острой токсичности относится к V-му классу опасности (неопасные).

Директор филиала **А. Куатбаева**

Атмосфералық ауаға шығарылатын заттар


Выбросы в атмосферный воздух

Нормалау жылы Год нормирования	Атмосфераға шығарындылар, г/сек Выбросы в атмосферу, г/сек	Атмосфераға шығарындылар, т/жыл Выбросы в атмосферу, т/год
Қолданыстағы ереже Существующее положение		
2025	34,09816248	621,8272495
Пайдалану кезеңіне На период эксплуатации		
2026-2035	35,55067848	633,46479449

Қолданыстағы жағдаймен салыстырғанда ластаушы заттар шығарындыларының ұлғаюы шамалы және үйінді түзілу жұмысына өзгерістер енгізумен байланысты

Увеличение выбросов загрязняющих веществ по сравнению с существующим положением незначительны и связаны с внесением изменений в работу отвалообразования


Атмосфералық ауаға шығарындылар пайдалану кезеңіне/ Выбросы в атмосферный воздух на период эксплуатации



Жобалау құжаттамасына сәйкес пайдалану кезеңінде 46 шығарынды көздерінен шығарындылар ескеріледі, оның 10 – ы ұйымдастырылған және 36-сы ұйымдастырылмаған

Согласно проектной документации на период эксплуатации учитываются выбросы от 46 источников выбросов, из них 10 – организованных и 36 неорганизованных

Әсер ету аймағының және санитарлық-қорғау аймағының шекарасы
Граница области воздействия и санитарно-защитной зоны



Әсер ету аймағы
Область воздействия

Санитарлық-қорғау аймағы
Санитарно-защитная зона

Атмосфералық ауаның сапасы тұрғын аймақтың шекарасында, санитарлық-қорғау аймағының шекарасында қауіпсіз деңгейден (ШРК) аспайды.

Кен орнының әсер ету аймағы (1000 м.) санитарлық-қорғау аймағының шекарасынан (1000 м.) аспайды

Качество атммосферного воздуха не превышает безопасных уровней (ПДК) на границе жилой зоны, на границе санитарно-защитной зоны.

Зона воздействия месторождения (1000 м.) не превышает границ санитарно-защитной зоны (1000 м.).

Түзіліп жатқан қалдықтар
Образуемые отходы


Қалдықтардың түзілу көлемі
Объемы образования отходов

№	Қалдықтардың атауы Наименование отходов	Қалдықтардың түзілу көлемі тонн/жыл Объемы образования отходов, тонн/год	
		2025 жыл/год	2026-2034 жыл/год
Қауіпті қалдықтар/ опасные отходы			
1	Қауіпті қалдықтар/ опасные отходы	64,0308	64,0308
Қауіпті емес қалдықтар/ не опасные отходы			
2	Аршу/ Вскрыша	16 490 000	16 840 000
3	Қауіпті емес қалдықтар/не опасные отходы	382,036	382,036
	Всего:	16 490 446	16 840 000

Кәсіпорында қалдықтардың барлығы 22 түрі түзіледі, оның 8 – і қауіпті және 14 – і қауіпті емес

Всего на предприятии образуется 22 видов отходов, из них 8 – опасный и 14 – не опасных


Қалдықтардың түзілу көлемі
Объемы образования отходов, тонн



Тау – кен жұмыстары кезінде пайда болатын негізгі қалдық-аршу. Аршылған тасты және жұмсақ жыныстарды көму сыртқы үйіндіге жүзеге асырылады. Қалған қалдықтарды мамандандырылған кәсіпорынға беру жоспарлануда

Основной отход образуемый при добычных работах – вскрыша. Захоронение вскрышных скальных и мягких пород будет осуществляться на внешний отвал. Остальные отходы планируется передавать на специализированное предприятие.

Су ресурстары
Водные ресурсы



Үшбас өзені
Река Ушбас

Ең жақын су нысаны Үшбас өзені.

Үшбас өзені жылдың көп бөлігінде суы аз (су шығыны 0,2-3,0 м3/сек) кей жерлерде кебеді, қоректену бұлақтардың есебінен жүреді және көктемгі қар еруі мен қатты жаңбыр кезінде ғана кейде дауылды, өтпейтін болады. Үшбас өзені мен Кесіктөбе учаскесі арасындағы қашықтық 1,36 км құрайды.

23.01.2023 ж. № kz20vrc00015612 Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Шу-Талас бассейндік инспекциясы берген су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды орналастыруды, сондай-ақ құрылыс және басқа да жұмыстарды жүргізу шарттарын келісу бар.

Жоспарланған іс-шаралар өзенге ешқандай әсер етпейді.

Ближайший водный объект река Ушбас.

Речка Ушбас маловодна в большую часть года (расход воды 0,2-3,0 м3/сек) местами пересыхает, питание происходит за счет родников и лишь в период весеннего снеготаяния и сильных дождей становится иногда бурной, непроходимой вброд. Расстояние между рекой Ушбас и участком Кесиктобе составляет 1,36 км.

Имеется согласование размещения предприятий и других сооружений, а также условий производства строительных и других работ на водных объектах, водоохранных зонах и полосах выданное Шу-Таласская бассейновая инспекция по регулированию использования и охране водных ресурсов № KZ20VRC00015612 от 23.01.2023г.

Намечаемая деятельность не будет оказывать какое-либо воздействие на реку.

Су ресурстары
Водные ресурсы

Сумен жабдықтау және су бұру көлемі
Объемы водоснабжения и водоотведения

Қажеттіліктер/ Нужды	Сумен жабдықтау, м3/жыл Водоснабжение, м3/год	Су бұру, м3/жыл Водоотведение, м3/год
Шаруашылық-ауыз су қажеттіліктері/ Хозяйственно-питьевые нужды	**1 640**	**1 640**
Технологиялық қажеттіліктер/ Технологические нужды	**162 164**	Қайтымсыз шығындарға кетеді/ Уходит в безвозвратные потери
карьер сулары/ карьерные воды	**334 000**	334 000

Сумен жабдықтаудың пайыздық мөлшері, %
процентное содержание водоснабжения, %



Көк-Джон фосфорит кендерінің кен орындарын өнеркәсіптік игеруді сумен жабдықтау көзі "бүркіттер"су қабылдағышындағы №4 (рабочая) және №3 (резервтік) ұңғымалар болып табылады. Ауыз су үшін әкелінетін су қолданылады. Су бұру суды тұтынуға тең деп қабылданады және шаруашылық-тұрмыстық сарқынды суларды ағызу тазарту құрылыстарында тазартылғаннан кейін № 4 су шығару бойынша және одан әрі жинақтаушы тоғанға жүзеге асырылады.

Карьерлік сулар, бір бөлігі технологиялық қажеттіліктерге пайдаланылады, бір бөлігі тазарту құрылыстарында тазартылғаннан кейін №5 су шығару бойынша карьерлік суларды ағызу және одан әрі жинақтаушы тоғанға ағызу жүзеге асырылады.

Источником водоснабжения промышленной разработки месторождений фосфоритовых руд Кок-Джон являются скважины №4 (рабочая) и №3 (резервная) на водозаборе «Беркуты». Для питьевых нужд используется привозная вода. Водоотведение принимается равным водопотреблению и сброс хозяйственно-бытовых сточных вод осуществляется по водовыпуску № 4 после очистки на очистных сооружениях, и далее в пруд-накопитель.

Карьерные воды, часть используется на технологические нужды, часть осуществляется сброс карьерных вод по водовыпуску №5 после очистки на очистных сооружениях, и далее в пруд-накопитель.

НАЗАР АУДАРҒАНЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!

СПАСИБО ЗА ВНИМАНИЕ!